

12016  
3071

Жаңатай ҚАБДЫКЕРІМҰЛЫ

С  
ЕМСЕР  
СЕНІМ

Жаңатай ҚАБДЫКЕРІМҰЛЫ

СЕМСЕР  
СЕҢІМ

  
**ХАНТӘҢІРІ**  
баспасы

Алматы – 2016

ӘОЖ 121.512.122-5  
КБЖ 84 (5 Қаз)-2  
Қ 89

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Қ 89 ҚАБДЫКЕРІМҰЛЫ Жаңатай.**

**СЕМСЕР СЕҢІМ.** Өлеңдер/Қабдыкерімұлы Ж.  
– Алматы. «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 190 б.

ISBN 978-601-03-0337-1

Ақын Жаңатай Қабдыкерімұлының бұл жинағына туған жер, табиғат, сүйіспеншілік тақырыбына жазған өлең-жырлары еніп отыр. Автордың айтар ойы, сөз саптауы, айшықты өрнектері әрбір туындысынан айқын аңғарылады. Шумақтары кестелі, ұйқастары шымыр өлеңдері жылы оқылады.


ӘОЖ 121.512.122-5  
КБЖ 84 (5 Қаз)-2

ISBN 978-601-03-0337-1

© Қабдыкерімұлы Ж., 2016  
© “Хантәңірі” баспасы, 2016

1-БӨЛІМ

# ДҮЛДҮЛ-ДӘУРЕН



---

---

*Поэзия — мінез. Ақынның мінезі  
(ішкі “мені”) қалай болса, өлеңнің тіні  
де солай өрілмек.*

**Автор**

---

---

# ЖАПЫРАҚ - ӨМІР

... Күз келіп, жапырақтар сарғайды. Тіптен, жел үп етсе болды, саудырап жерге түседі. Жаныңды бір түрлі құлазытады... Ұстазымыз Жанетқан Тұтқабекұлы бізге осы тақырыпта шығарма жазуды тапсырды.

## I

Жеткендей пісіп тірліктің ащы толғағы,  
Кеткендей ұшып бақытты шағы ол дағы,  
Күз келіп байғұс теректер анау жолдағы,  
Жоғалып бары,  
Тоналып қалды,  
Сорлады...

Көк жүзін кенет кеткендей бірден жыртып ай,  
Халіңді көріп, мен тұрмын бүгін тыншымай.  
Ерке боп келіп, келте боп кеткен, жаным-ау,  
Жапырақ — жүрек,  
Жапырақ — өмір,  
Қыршын-ай!

Көктем ең қайда әлемге барлық жар салған,  
Көктегі ай да көркіңе сенің тамсанған.  
Махаббаттарға бір-бірін туған аңсаудан-  
Шапағат тілеп, сен едің алғаш қарсы алған.  
Аулақ едің ғой шаршаудан!..

Жапырақ — өмір, жауқазын — өмір тектелмей,  
Саудырап жатыр...  
Жабылмай қалған беттердей.  
Тамырлас тірлік-  
Тамырлас менің жанымның  
Бір қылын үзіп кеткендей,  
Теңселіп тұрмын текке өлмей...

## II

Жапырақ — жүрек, шемен боп қатқан шермендем,  
Мендегі өмір — бұл да бір өмір сергелдең...  
Мұңымыз ғой бұл — екі жүрекке тең бөлген,  
Жырымыз ғой бұл — екі жүректен тең келген.

### III

... Түнеріп тұрып, дым тамбай өткен аспандай,  
Егілдім үнсіз, жанардан мүлде жас тамбай...  
Өз биігінде қалғып, бір қалған асқардай,  
Көз жиегінде қалып баратқан жастардай,  
Жапырақ-жаным қош айтты бүгін аһ ұрып-  
Өміріңе қалған тасталмай һәм басталмай...

### IV

... Тыныштық саған,  
Жапырақ — өмір, жаз — өмір!!!

*3 қараша 1999 ж.*





Тұғырым менің, таусылмас сен деп айтар ән,  
Жабықсам келіп, өзіңнен ғана жай табам.  
... Жұмыртқаңмын ғой қаңтарда тастап аязға,  
Наурыз туа шайқаған.

Алтын тұғырым, қартайма мәңгі тау сынды,  
(Аққу-жырларың — жаңғырып тұрар даусың  
бұл).

Бақыт қой саған алдағы арман-ғасырдан,  
Қайталап жүрер даусыңды,  
Қырандар туса қауырсынды!

*7 желтоқсан 1999 ж.*

# СЕНІ ІЗДЕЙМІН...

О, муза! жырым менің, пірім менің,  
“Жын буып” дірілдедім...  
Өтуде сені іздеумен күнім менің,  
Сен менің үнім бе едің?!

*Автор*

## Бірінші жыр

Сен кейде бүртік жарған жас талдасың,  
(Жас талдар жасқанбасын, аспандасын).  
... Кеудемді бұлт-қайғы жапқанда шын,  
Найзағай-жүрегімнен аққан жасын...  
Мөлдіреп тұнған таңда жас талға шық,  
Менің де ақ жанымды ақ қар басып,  
Өзіңмен жатса арбасып...

Сен кейде ай түнеген асқардасың,  
Мәңгілік бүркеп алған ақ қар басын.  
Айғыржал-толқындарын аспанға атып,  
Мендік теңіз-сағыныш тасқанда шын-  
Жетем саған табанға тастар батып,  
Көңілден мұң, көзімнен жас парлатып...

Сен кейде алқара көк аспандасың,  
Тәнті еткен мәңгі өзіне асқар басын.  
Бақ шайқалып, тайса да бастан бақыт,  
Әммеге аян еш неден жасқанбасым-  
Кетемін сені іздеп, аспанға асып,  
Қалса да жазирамды қақтар басып.  
Өйткені, саған ессіз жас жан ғашық!

*28 қаңтар 2000 ж.*

# МЕНІКІ, СІРӘ, БАСҚА МҰҢ

Қалқам!

Керегі қанша махаббаттың да, басқаның...  
Татып та көрген заһарын оның жас жаным.  
Онсыз да менің тұнжырап тұр ғой аспаным,  
Менікі, сірә, басқа мұң...

Ғашық та болғам, сүйіп те көргем өртене,  
Үзілген ішек өз күйін қайта шерте ме?!  
... Аппақ айдынды ластаған “Аппақ еркеге”,  
Қараймындағы жеркенем.

Жалған сөз айтып, жалған күн кешем несіне,  
Уақыт-толқын, өтер де кетер...  
Кешігем.  
Махаббат үшін айтылмай өткен есім ем,  
Басқадан бірақ несібем.

Түсінгін мені!  
Менікі, сірә, басқа мұң,  
Түсінгін мені, ардағым менің, асқағым.  
Өте де шығар өмірде мынау қас-қағым,  
Тәрк етіп, бәрін тастадым.

... Менікі, сірә, басқа мұң!

*6 наурыз 2000 ж.*

# Т. АЙБЕРГЕНОВТИ ЕСКЕ АЛУ

(Бағдатқа)

Пай, пай, пай!  
Ақ толқын аға жырын төгілдірген,  
Сен ерке Әмудағы көгілдір ме ең?!  
Жо-жо-жоқ, саған айтар гәп бар, шыда-  
«Оралдан орай ұшқан көк қаршыға»!

Қаршығам, сен де мені қырғи сана,  
(Жан емен жыр оқуға ылғи сараң).  
Жүрекке у құйса да, нұр құйса да,  
Оқиық шын ақынның сағынышын,  
Бізбенен бір жыласын Үрниса да!

Сені де сол сәт бір мұң меңдеп алар,  
Сезерсің: бұл хал, сірә, менде де бар...  
Сосын біз айқайлайық: «сен деп, аға-  
Сағынған көз жасымыз сел боп ағар»!

... Байқарсың, бұл өмірден өткен із көп,  
Бәрі оның бастай бермес көк теңізге...  
Біз солай жылап тұрып еске алайық,  
Ақынды кеткен мәңгі көктем іздеп...

*22 наурыз 2000 ж.*



\* \* \*

Ару-қырлардан ағып бір өтсе ақ сағым,  
Жарқылындай сендік жанардың,  
Саңқылындай еңлік бар әннің.  
Ұмтылып қалып, өмірде мынау басқа мұң,  
Өз мұңымды ғана табармын,  
Өрт болып өршіп жанармын.  
Сосын сен мейлі кетсең де толқып жыраққа,  
Өз мұңым маған жетерлік.  
Дала-кеудемді нөсер қып,  
Көзімнен менің түйдек те түйдек көшер бұлт.  
Ал, енді менен қашып көр!  
Кетсең де сексен асып бел,  
Жібермес сені Төлеген өлген ғашық-көл...  
Әйтеуір сен деп алға мен,  
Арман-жолымды салған ем.  
Жәрдем қолыңды жалғап ең,  
Мен үшін мәңгі ақ сағым тектес арман ең!

.....

*3 сәуір 2000 ж.*

\* \* \*

... Қызғышы болып, қыз-дүниенің қылықты  
мынау көркіне,  
Әлі де талай қызғалдақтарға бөлермін,  
Өзімде бардың бәрісіндегі берермін.  
Көкірегімдегі маздаған оттың өртінен,  
Азбаған махаббаттың дертінен,  
Аққан жасындай... мен дағы бір күн өлермін!

*7 сәуір. 2000 ж*

## (Қарагөзге)

Біздің жаққа көктеме келді,  
Құстарға ән салдырған,  
Құштар ғып тамсандырған.  
Сабылтып сарсаң қылған,  
Сағыныш сағымы ойнап, сал-сал қырдан.

Біздің жаққа көктеме келді  
Бұлақтар шыңға атылып,  
Құрақ, тал ырғатылып.  
Қашаннан мұңға тұнық, жырға тұнық,  
Мынау аппақ дүние сырға тұнып.

Біздің жаққа көктеме келді,  
Қарлы шыңға қарғалдақ несіп етіп,  
Ерке желмен баурайын есіп өтіп.  
Мынау гүлзәр-өмірді бесік етіп,  
Дала жатыр елжіреп есі кетіп...

Біздің жаққа көктеме кеп,  
Көк пен жер дүр сілкініп,

Көкте күн тұрсын күліп-  
Сенің бота көзіңде бір сыр тұнып,  
Неліктен жүрсің тынып?!  
Көрейікші біздер де бір сілкініп!

*3 маусым 2000 ж.*

# АҚ БҰЛАҚ АҢСАР МАХАББАТ

Жасқанба, сыршыл ақ бұлақ,  
Тастардан ыршып ақ құлап.  
Теңізге жүгір шапқылап,  
Егізден ғұмыр тап мұрат.  
Ормандар барда ән саған,  
Армандар барда аңсаған,  
Жалғыз тамшыға шөлдейтін-  
Шағылдар барда шаршаған,  
Қадалып көктен мың кірпік-  
Жұлдыздар тұрса самсаған,  
Түнгі ызғардағы таң саған,  
Гүл-қыздардағы таң саған.  
Тірлікке барлық жан саған,  
Табиғат барда сақ құлақ,  
Ғанибет арман сап құрап,  
Ақ бұлақ, солай жат құлап.

Жағаңда жалғыз бір ақ тал-  
Аңсаған сені мен болып,  
Иілсе сенен сұрап хал,  
Мен болып, жаны тербеліп...  
Құлағын салып, құрақтар,  
Күлегеш қыздай сыбырлап.  
Бір сәтке мүмкін тұрақтар,  
Сазыңнан сенің сыр ұрлап.  
Жасырмай бірақ, сырыңды айт,  
Шөлдеген сол бір ақ талға.  
Басылмай тулап, жырыңды айт,  
Көрмеген болашақтарға,  
Өлмеген балашақтарға!

Сендегі кәусар моншақтар-  
Мендегі аңсар махаббат.  
Жүргенде жаным қаталап,  
Қанайын содан жата қап,  
Алайын содан шапағат!  
... Есімнен кетпей сол шақтар,  
Сол шақтар — бұлақ, жол, шат, тал...  
Көңілімнің көгілдірі боп,  
Қоршап қал, аппақ моншақтар.

Ақ бұлақ - аңсар махаббат,  
Ешқашан сенен безінбен.  
Арманым алғаш сезінген,  
Аумайтын еді өзіңнен!  
Жалғайтын жанды сезіммен,  
Аумайтын көзі көзіңнен.  
Ол дағы сендей ерке-тін,  
Ерлік күйлерді шертетін,  
Еңлік билерге елтетін,  
Ол дағы сендей ерке-тін...  
Сағыныш сазы басылмай,  
Қараймын енді айға көп.  
Жыр жазам кейде Қасымдай,  
«Дариға, сол қыз қайда» - деп!..

*10 маусым 2000 ж.*

# ДОСТЫҚ ШЫҢЫ

(Қайрат Домалинге)

Достық деген — мәңгі биік бір ақ шың,  
Жататұғын аласаны жасырып...

Бұл сезімге

Жандар барлық аңсаған:

Махамбет пен Исатайдай бас ұрып,

Мұқағали, Шәмшілердей шашылып;

Өтсе екен мынау гүлзәр-өмірден

Мұхтар менен Төлегендік көңілмен.

... Ей, Қазақтың азаматы!

Мен саған

Дәл осындай жүрегіммен ғашық, ұқ!

*14 маусым 2000 ж.*



# АЛТАЙ ДӘПТЕРІНЕН

## 1. Арма, Алтай даласы

Арма, Алтай даласы!

Армысың сен, аналар күл төккен жер,  
Бармысың сен, тау қашқан үркек белдер!  
«Балығы тайдай тулаған» Үліңгір көл,  
Сен менің жанарымды бүркеп тербел.

Армысың, ақ сәлделі Ақыт-шыңдар,  
Мен үшін қол жетпейтін бақытсыңдар.  
Асқарға атын берген асқар таулар,  
Сен менің жас кеудемнен жақұт сырды ал!

Армысың, сұлуға тән бұрымдай нәм-  
Сырымдай сыңғыр қаққан Сұлубай-ән!  
Алашқа күй ұзатқан Бежең-ауыл,  
Армысың, Арғынбек-су, жырың баян!

Төлежіп атырабы жатқан аймақ,  
Қойныңнан ырыс пен құт аққаны айғақ.  
... Бір кездер мен осынау сағынышымды,  
Ұшырғам сауысқаннан хатқа байлап.

Мен сені қанша аңсадым көрсем деумен,  
Жанымның жапырағын берсем деумен.  
Міне, енді осынау іңкәр сезімдерден,  
Мұхитқа айналғандай, сенсең, кеудем!

Біреуден болмаса да бағым үстем,  
Мен де бір тентек едім жалын ішкен...  
Қабыл ал менің ыстық ықыласымды,  
Кеп тұрмын саған Мағаз-сағынышпен!

## 2. Алтай қызына (қасида)

Мінезің бұратылған жібектейін,  
Бір өзің үшін мендік жүрек бейім.  
Қалайша сені көріп дір етпейін,  
Абайша сені нағып жыр етпейін?!

Мәжнұнтал-мүсініңмен мастандырып,  
Байқатпай салып өттің бастан құрық...  
Күмбірлеп кеудем қазір  
Толқып тұрмын,  
Кеткендей керемет бір дастан кіріп.

Үзіліп кетердей-ақ құрғыр демім,  
Өзіңмен сыр бөлісіп үлгірмедім...  
Қай таңдай бал дәміңді татар екен,  
Даланың жанға дәру бүлдіргені?!.

Тұрмайтын бозбалалық баста мынау,  
Қайтейін, қайран уақыт қас-қағым-ау!  
Сен менің көптен өлген жүрегімді,  
Бір мәрте сілкіндіріп тастадың-ау!..

Елітіп ерке Ертістің кеші балғын,  
Аңдамай айдынды да кешіп алдым.  
... Сен менің жырдаң моншақ сыйлап кеткен,  
Ақжарма мәрт жанымды есіңе алғын!

### 3. Ертіс элегиясы (сурет)

Кешкі өрттің күрең қызыл сәулесіне  
Есіліп толқын жатты қара қошқыл.  
Жаураған қарт жанарын салады еске,  
Қуәгер қойшыжұлдыз сараң, өшкін.

Ерке өзен жанарына жас кептеліп  
Мен білмейтін бір үнмен қайғы атулы...  
Ән патшасының қолында әспеттеліп-  
Әбден тозған жүзіктей ай да туды.

Арнасы орталанған екі кеуде  
Әлде бір аңсайтындай ақ жаңбырды.  
Ант еттім:  
Сынығын да кетімеуге  
Хас сұлу тағып өскен маржан-жырдың.

Сағынған сал-толқындар теңізді бек,  
Асығыс армандарын жарға ұқтырды...  
Құшақтап ең бір ессіз егіз жүрек,  
Мен сүйген қарагөз-түн қалғып тұрды.

*Шілде - тамыз 2000 ж.*

# МАХАББАТ

... Ақындарды махаббат өлтіреді.

*Т. Айбергенов*

Махаббат дейтұғын сол байырғы әннің,  
Мен дағы қайырмасын қайырғанмын...  
Содан бермен мұңлы әнін келем айтып,  
Шарап ішіп шайқалған шайырлардың.

Содан бермен жыр қылып атыңды әр күн,  
“Ауруымен” ауырдым ақындардың.  
Содан бермен жалғыздық жанымды жеп,  
Ғашықтықтан кеудемде лапылдар мұң.

Таң шығындай мөп-мөлдір таза арманым,  
Саған арнап мөлдір жыр жаза алмадым.  
Қайда барсам қамыққан ғазалдарым,  
Жазам бәрін, алайда, жазам бәрін!..

Өтелмеді демеймін оң тілегім,  
Мен, әманда, саған ақ жол тіледім.  
Сен де бір күн жаныңмен сезерсің-ау,  
«Ақындарды махаббат өлтірерін»!..

*17 қыркүйек 2000 ж.*



## ХАТ

Ләйлім менің!  
Алмасуда өзіңсіз ай-күндерім.  
Мына ақ қағаз — аққусыз айдын-көлім,  
Мына мөлдір қара түн — қайғым менің.

Сен үзбеген жәудіркөз жаздың гүлін,  
Мен іздеген жап-жалғыз қаздың мұңын,  
Мағжан-мақам әлгі бір мәжнүн-жырым,  
Міне, міне... оны да жаздым бүгін.

Бұл жерде күз.  
Сарғайған мұң-наланы  
Тайып тұрған талақ қып тырнадағы.  
Сал-сағыныш қазірше жырлағаны,  
Қалғып кетпей Мұраттың жүр қаламы.

... Ерте оралған айдынның еркелері,  
Сол бір көктем ғаламат көркем еді.  
Мына қайың онда жас өркен еді,  
Соны ойласам өзегім өртенеді...

Соны ойласам өзегім өртенеді,  
Көркем ғұмыр соншалық келте ме еді?!  
Жапырағын жауратып жел төгеді,  
Ол да мүмкін өмірден жеркенеді.

Айдалаға әкеткен жұлып тасқын,  
Құпиям көп мен де бір құлыптаспын.  
Ойым ұлып, өмірді ұмыт бастым,  
Бірақ, сені ешқашан ұмытпаспын!

Ғұмыр кешіп жүргенде жеке мүлдем,  
Тарта тұрсын тәтті мұң етегімнен.  
Өлең-бозды қалдырып жетегімнен,  
Ертең мұңсыз мекенге кетемін мен.

Кетемін мен!  
Бәрінен босаған қол...  
Деседағы қимайтын дос, ағам мол.  
Сағынатын сен де бір босағам бол,  
Ал, енді... қош-аман бол!..

*30 қыркүйек 2000 ж.*

## РОМАНС

... Көп гүлдердің ішінде ерен гүл ең,  
Саған арнап көп жаздым өлеңді мен.  
Табамын деп бұл дертке сенен бір ем,  
Айыға алмай ақыры өлем, білем!..

Айтып-айтпай не керек, аңсарлым-ау,  
Түсінбедің халімді сарсаң мынау.  
Осып өткен жүректі сал-сал дырау,  
Қанжар-қара қайғыңмен қарсы алдың-ау.

Мың сан ойға мекен қып бұл басымды,  
Керексе етіп кеттің сен мұңдасымды.  
Оңашада оятып жыр-қасымды,  
Кіреукелі кірпігім түнге асылды.

Неге ғана өкпелеп кеттің маған,  
Кіл тұңғыық Мұңыммен еттім бе алаң?!  
... Мүмкін байғыз дауысын көп тыңдағам,  
Мүмкін иен мекенге кеттім дара?!

Баяғыша баурамас қызғалдақ қыр,  
Құстар да әнге салмайды бізге арнап бір.  
Мұнша нағып табиғат ызғарлап тұр,  
Мөлт-мөлт...  
(Жұлдыз моншағын құздарға атты).

Қайырылуға әйтеуір келмеді ырқың,  
Жұтылып тұр бүгінде желге күлкім.  
... Сезінерсің селт етіп сен де бір күн,  
Көз ілермін ол кезде мен де мүмкін.

*20 қазан 2000 ж.*

## ӘРІПЖАНҒА

«Ағатай, маған ақыл айт!»- дейсің жақсы інім,  
Адасып жүргем... Ақылға мен де тапшымын.  
Жансыз жүрекке жарығы жетпей жақсының,  
Шаршадым, білем, шалығы тиіп бақсының.

Мүзбалақ ұшқан алқара мынау көгім мен-  
Жеріп те жүрмін ғаламат көркем өмірден.  
Көгершін ұшып көктеме гүлзәр-көңілден,  
«Қара көзімнен қапыда моншақ төгілген».

Қараңғы көкте жарқ еткен мен де жасынмын,  
Шатырлап барып... Шарт сынып мүлдем ба-  
сылдым.

«Қаламын алып Төлеген менен Қасымның»,  
Ару-музаның алдында, міне, бас ұрдым.

Мен көрмей кеткен шапағатты да сен көргін,  
Мен көрмей кеткен махаббатты да сен көргін!  
Ессіз жүректі Есениндерше емдермін,  
Бірақ, мен сенің сағынышыңа шөлдермін...

*24 қазан 2000 ж.*

## ҚАРАША. ҚҰСТАР...

Әр жылы күз келеді...

Іздесең осындайда ізде мені.

Сары далада сарғайып жатам жансыз,

Жанарымда қайтқан құс тізбелері.

Санадан ғайып бұлар...

Сосын да қайтып мұңнан айықтырар?!

Бір жылдық менің сазды ғұмырымды,

Ән етіп қанатынан...

Тайып тұрар.

Білмеймін, Қуаныш па...

Әйтеуір бет түзейтін ту-у-у алысқа.

... Туған жерден қайтудың қайғы екенін,

Қалай-қалай сезеді ә, мына құстар!..

Тағы бір күз келеді...

Бірақ, сен енді мені іздемегін.

Өйткені, менің мезгіл-кірпігімде

Қатып қалған соңғы жас үзбелері.

*15 қараша 2000 ж.*

## КҮЗГІ ТҮН ЭЛЕГИЯСЫ

Күз.

Бозарған айлы түн,

Аулақта адасып құлын-бел...

Құс қайтқан айдында қайғы тұр-

Қанжардай дірілдеп.

Атырап — аш бөрі ұлып жел,

Жапырақ-жүректі жұлып жер.

... Келеде сора боп тұр інген,

Ұйқыда мастанған “бұрынғы” ел.

Мысық-мұң кеудемді тырмалап,

Жанардан жасымды селдеттім.

Жапырақ-жүректі “ұрлап” ап,

Жел кетті...

Еске алып күндерін былайғы,

Ер дала еріксіз жылайды.

... Беу, егіз — ел мен жер,

Мұныға мен қалай шыдаймын?!)

(Менімен ісі жоқ “құдайдың”).

*16 қараша 2000 ж.*

## Т. АЙБЕРГЕНОВТИҢ МОНОЛОГЫ

Оһ, өмір!

Мендегі ару-музаға жыр болдың сан,

Міне, тағы бүртігін жарды бір ән.

Егер мен жанарыма мұң қондырсам,

Сені сүймес жүректер барлығынан...

Сен дегенде зәренің бөлшегіндей-

Жоқ менің жүрегімде қиянатым.

Адами аз ғұмырмен өлшедім де,

Сені сүйдім кеудеме ұялатып.

Егер сен буырқанған теңіз болсаң,

Саған тамған мен бір тал тамшың едім.

Егер сен мың сан тарам көп із болсаң,

Ақ бұрқақ басқа әлемге салшы мені?!.

Кіл қиын ағысыңа таста мені,

Арыстанжал-толқының тұншықтырсын.

Тілейсің жүрегімнен басқа нені,

Сонда да «сүйемін!»-деп ыршып тұрсын...



Алқынып алыстарға алып ұшқан,  
Пырағымнан мен бір күн құлармын-ау.  
Саған деген сан тарам сағыныштан,  
Сонда жатып мен мүмкін жылармын-ау!

Қалтқысыз сені сүйген жас жүрегім,  
Ырзалықтан дәл қазыр тұр дүрсілдеп.  
Мендік арман-сапарға басшым едің,  
... Жырым мәңгі өзіңмен бір жүрсін тек!

*7 желтоқсан 2000 ж.*

\* \* \*

Бақытымды ұрлап ап біреу тегін,  
Жанарымды жауып тұр кіреуке-мұң.  
Саяқ қалдым мұнартып күні ертеңім,  
Аяқталды аяулы бір ертегім.  
Бақытымды ұрлап ап біреу тегін.

Сезем енді ол қол жетпес жырақ маған,  
Тұңғиыққа тұншығып құлап барам.  
... Баяғыша салмайды бұлақтар ән,  
Бөтен қолдар оны да құлақтаған.  
Құлап барам, сұмдық бір сыр ап барам...

*10 желтоқсан 2000 ж.*

# САҚЫНАМА<sup>1</sup>

Самдар жамырап салқар кеш, сараң іңірге,  
Салқын түн қалғып, қабағы салбырап тұрды.  
Сәулесін айдың іздеген дара дүбірмен-  
Сабылып ақты сыңсыған бал бұлақ мұңлы.

Сары жапырақ сарғайып сағынышпенен-  
Сарсаң бір халде сыбырлап сан тараптарға.  
... Сақынама жаздым шайырдай

салынып ішкен,

Сал сағынышты ақшамнан арқалап таңға.

*11 желтоқсан 2000 ж.*

---

<sup>1</sup> Сақынама шығыс шайырларының шарап құюшыға арнаған жыры.

# МАХАББАТ МҰНАРАСЫ

Шабыт-бақтың сырып ашып түндігін,  
Саған ғана сыйлап едім жыр-гүлін.  
Бірақ, сенің кірпігіңде қалғыды-  
Қоңыраулаған менің қоңыр тірлігім.

Арманымды айтар едім, Еңлігім,  
Қаңбаққа ұсап қаңғып кеттім желді күн...  
Жаным менің жалғыздықтан түн-айлақ,  
Жаутаңдаған жұлдыздардан емді мұң.

Махаббатымды сезбедің-ау сен менің,  
Ал, мен саған ессіз елттім, шөлдедім.  
Бұл жанымды  
Ғам мұңлылау, һәм нәзік,  
Салқам-салқам сағынышыммен емдедім.

Кірпік ілмей сені ойладым ұзақ түн,  
(Сол күндерді мен жап-жалғыз ұзаттым).  
Сені іздеумен төпеп тұрған жаңбырда,  
Жасын болып жанарлардан жүз ақтым...

Арбалмадым қара бұрым жолға мың,  
Үкілі бас бауларда да болмадым.  
Саған деген сезімімді  
Серінің-  
Сертке таққан семсеріндей қорғадым!

Шын махаббат аңсайтуғын бір адам-  
Бар болса егер,  
Менше сүйсін, сірә да!  
Саған деген мәрмәр-махаббатымнан  
Салып жүрмін мен мәңгілік мұнара...

*24 желтоқсан 2000 ж.*

\* \* \*

Сен тербет мені,  
О, сыңғырлы дүние, сырт әлем,  
Мен саған сонау көкөрім шақтан іңкәр ем.  
Іңкәр ем саған сол қызға іңкәр жүрекпен,  
Сол қызға аппақ тілекпен саған іңкәр ем.  
Ей, сыңғырлы дүние, сырт әлем!..

Қиын-қыстауда еш талмас қанат бердің сен,  
Ойымды ұштауға жасқанбас талант бердің сен.  
Мәрттікті бердің ағалардағы ақжүрек,  
Шаттықты бердің шағалалардағы,  
Мен білсем!

Күйсандық болып кірдің сен менің кеудеме,  
Күмбірлемейін беу, неге?!  
Сендегі сиқыр, сырлы саздарға еліткен,  
Табиғат-ананың тәкаппар ұлы ем мен деген!

Нұр-дидарыңа кірпігім қақпай көз сүзіп,  
Өзімше мен де өтермін бәлкім сөз сызып.  
Жақ айырылғанша,

Жан кетіп мынау денеден,  
Сертім бұл менің — сөзсіз ұқ!

Ей, сыңғырлы дүние,  
Жерұйық жерім,  
Көркем көк,  
Сендер деп менің көкірегімде өртенді от.  
Ертегі елінен есендесуге келген еркем боп,  
Құшағыңа алып мәңгілік мені сен тербет!

... Ей, сыңғырлы дүние,  
Сен тербет мені!

*22 ақпан 2001 ж.*

# СЕЗІНУ СЕРЕНАДАСЫ

«Сұрша қыз, енді есен бол!»

Жаяу Мұса

Сұлу сұрша қыз, сырымды ұқ,  
Аяулым, әлі-  
Әспеттер сені жайсаң ер — Жаяудың әні.  
... Мен дағы тәнді тапсырып сұрша жалғанға,  
Азайтам мүмкін пендеге таяу күнәмді.

Сен жайлы осынау достар гу...  
Қайдам? (сенбедім).  
Өзімді таныр өмірден айнам сен бе едің?!  
Қош-қошын әлде күле айтып ғарышқа кеткен,  
Жұматай ақын жырлаған Ләйләм сен бе едің?!

Қарағайларды қақ тіліп жасыл беткейде-  
Жаңбырлы жазда жарқылдап жасын да өтпей  
ме?!  
... Осынау сұп-сұр дүниеде алтын деп жүрген-  
Аллаға емес,  
Адамға басың доп кейде.



Мәңгілік маңған марышын кейде аяңдатып,  
Жетіп көр, кәне, желгенде желмая-уақыт.  
Бес күндік мынау жалғанда берсек те бәрін,  
Біздердің басқа сыймас-ау, бейбаян бақыт!

Есен бол енді, Сұрша қыз, тентегім менің,  
Еңіреп тұрып тыңдайтын ертегің едім...  
Жанар қамаған мың сан тал жебеңмен атып,  
Жұпар лебіңмен, қайтейін, өртедің мені.

Өртедің мені...

Күл емес, шоқ қалсын менен,  
Азабын тартып ал, мейлі сотталсын денем.  
... Сұр жағалаудан Сұрша қыз ұзатып салған,  
Қайырлап барып қай жерге тоқтарсың кемем?!

Сұр дария-өмір ескегі есілсең, есіл,  
Ал, мені толқын-кеудеңнен өшірсең, өшір.  
... Музасы үшін қай ақын аңырамаған,  
Сұлу сұрша қыз,  
Кешір, сен, кешір!

*20 наурыз 2001 ж.*

# ЭКСПРОМТ

Қанжар-қайғыдан қасқалдақ-қаным тамшылап,  
Қара жүрегім қалғандай болды-ау қансырап...  
Қайда екен, қайда қараңғы үркер таң-шуақ,  
Қайда екен, қайда таңдай жібітер бал шұбат?!

Қойторы мініп, қоңыр күн кешкен халықтың,  
Қайғысыз ішкен қара суына да зарықтым.  
Дауылдап тұрған дамылсыз мынау нарықтың,  
Даңғаз, даңғой, дәлдүріштерінен жалықтым.

Сен үшін өлген-  
Ей, сайын далалар — сары сағым,  
Есіл де есіл ер кіндіктеріңді аңсадым...  
Кеудемді тырнап кептеліп жүрген барша мұң,  
Кетеуім кетіп кейуана кейпім, шаршадым.

Шаршадым, міне, күйіп тұр болбыр бос өкпе,  
Қоңыр түн мені әлдилер салқын төсекте...  
Сықсыңдап сонда жыларсыңдар-ау,  
күншіл жұрт,  
К...ді ашып күл қазір, мейлің, өсекте...

*29 наурыз 2001 ж.*

\* \* \*

Сұлу ай бүгін кербез қызға айналып,  
Бұлт-көрпесін жамылды сыздай барып.  
Сүмбіледе есетін саумал-самал,  
Бара жатты жанымды мұздай қарып.

Салқын түн.  
Еш құлықсыз сүле-соқпын,  
(Өмірді мен өзгеге күнес еттім) .  
Тұяғы тасқа тиді бір тұлпардың,  
Құлағы қылмияды бір есектің...

Бұлт сөгілді-  
Дәл мендік тозған көңіл,  
Ай маңды-  
Арнасымен қозғалды өмір.  
... О, сормаңдай ақынның сынғыр қолы,  
Адалдыққа армандап... созған небір.

*5 сәуір 2001 ж.*

## МЕН СЕНІ СҮЙДІМ...

Мен сені сүйдім!  
Тәңірі куә,  
Зарықтым аңсап күніне.  
Құйттай жүректің әмірі, мына-  
Ұласты ғазал-үніме.

Мен сені сүйдім жас кеудемдегі  
Арманыма орап бүр жарған.  
Көзімнен кетпей “тас пенделері” -  
Талықсып өткен гүлзар маң.

Мен сені сүйдім жаныммен нұрлы,  
Жалғызы едім жер-көктің.  
Әдилеп аңсар әніммен мұңлы  
Дүн-дүниені тербеттім.

Жырыма сені ария еттім,  
Бұрқанып бурыл теңіз боп.  
Сағынып сона-а-ау дария кеттім,  
Жалғаннан жалғыз сені іздеп.

Махаббат мені мазақ етпеді,  
Азап екпеді жаныма.  
Сауырдың гүлі  
(Ғажап өтпелі) —  
Нұр құйды раушан қаныма.

Арманы асқар мұңайған өлмес,  
Бұл — мендік сенім, іңкәрім.  
Патша түгіл, құдайға бермес,  
Сыйладым саған жыр тағын!

*10 мамыр 2001 ж.*

\* \* \*

... Кәрі жартастар есітпей бүгінгі үнімді,  
Тағы бір тыныш, мөп-мөлдір түнім бүлінді.  
“Алдиярлардың” алдында аузым буылып,  
Жанқиярлардың жанында жүнім жығылды.

Ай болса кетті әрі асып күлімдеп қырдан,  
Шолпан тұр, әні-  
Шақшиып қырын кеп туған!  
Қойнымды кезді қайғылы қараша желі,  
Құс қанаттарындай қош айтып уілдеп тұрған...

Көмескі бұлтқа керемет күнім бұғынды,  
Кім, қане, менің мезгілсіз мұңымды ұғынды?!  
... Ел аман кезде  
О, тоба, есім ауысты,  
Жұрт тыныш кезде  
Жұп-жұмыр тілім буылды.

Құладың жайлап алғандай құба даланы,  
Құлқыны үшін құл болған сұрама “ағаны”!  
Елсіз бір қалған өзендей егіліп үнсіз,  
Тамырымда қаным-  
Бұл дағы жылап ағады.

Сеземін бірақ болмыстан сарқылмасымды,  
Қаптағы жатқан кездіктей халқым да сырлы.  
... Күндердің күні болғанда  
Әспеттеп жүрер,  
Ей, ақын, сенің барда арзан алтын басыңды!

*29 мамыр 2001 ж.*

# ДҮЛДҮЛ-ДӘУРЕН

*Мен болсам кеттім ақын боп,*

*Азырақ бақытсыздау боп...*

*Төлеген Айбергенов*

Көңілшек көктей қара көзімнің-  
Жасы тұр жұмсам құйғалы.  
Бал-армандары бала кезімнің  
Елестеп жанды қинады.

... Көзтаңбақ ойнап көгілдір кеште,  
Көзімді таңған құрбы қыз.  
Көкірекке құйдық төгілдірместен,  
Ару ай төккен нұрды біз.

Ал, кейде ару-абат бақтарда  
Алқындық ойнап ақсүйек.  
Найзағай көкте қабақ қаққанда,  
Сақылдар сайлар бақсы-иек.



Дүрия-дала көмкерілгенде  
Сан алуан гөзел гүлдермен,  
Зерлі аспан бейне төңкерілгендей  
Сәуірден ғажап түн көргем...

Сондай бір жұпар жазира белге  
Шықтық-ау бір күн гүл теріп.  
Бозторғай салған ғазиз-әуен де  
Сорғалап тұрған бұлт еміп.

Ұшпаққа сонда ұшағым қонған-  
Арманшыл балаң санаммен,  
Кішкентай сол бір құшағым толған-  
Гүл сыйлап тұрдым саған мен.

Сендегі шаттық батыл еткен бе  
Мендегі сотқар-сезімді?!  
Найзағай кенет “шатыр” еткенде  
Құшағыма аттың өзіңді.

Жүректі сонда дір еткіздің-ау,  
Бір өпкіздің-ау ерініңнен.  
Денеме жылу - нұр өткіздің-ау,  
Нұр өткіздің-ау,  
өлдім мен.

Сен болсаң кеттің қарамастан да  
өткінші жауған жаңбырға.  
«Қалып қал!» - деуге жарамастан да  
Ұзаттым үнсіз сан қырға...

Сол күндер менің түсіме кірді,  
Ішіме улы күй төкті.  
Асыр сап жүрген күшік-өмірді,  
Асырап өзім “ит” еттім.

Кездестік кейін...  
Жанарларыңда  
Мөлдіреп асыл шық тұрды.  
Сол шықтың тамбас-тамар маңында-  
Мекендеп қапты сұқсыр-мұң.

... Көңілшек көктей қара көзімнің-  
Жасы тұр жұмсам құйғалы.  
Бал-армандары бала кезімнің  
Кеудеме, әттең, сыймады.

Балалық бейғам киіктен аумай  
Қарақшыға өзі дөп келген;  
Дүн-дүниені иіткен, айхай-  
Қоштастық қимай көктеммен.

Не сыйлар алда білгір жасаған,  
Жаз жақсы болса, жай тегі.  
Дүлдүл-дәуренді шылбыр қашаған-  
Келеміз қуып, әйтеуір.

Қырмызы қызыл қызғалдақтарым,  
Қызығы болған қылардың.  
Кездеспей кеткен ізгі ардақтарым,  
Сендерді мәңгі жырлармын!

*17 мамыр 2001 ж.*

\* \* \*

Сен, сен көңіл, сен көңіл,  
Сергелдең етпес енді өмір.  
... Кекілін кескен керідей-  
Одағай едім мен де бір,  
Бөкенді бүктер бөрідей-  
Қомағай едің сен де бір.  
Сен, сен көңіл, сен көңіл!

Сен, сен көңіл, сен көңіл,  
Сергітпей қоймас теңге-өмір.  
Қараша келмей теңселген-  
Теректің жанын жел кемір,  
Азар деп, сірә, мен сенбен,  
Аталы алтын бергек ұл.  
Сен, сен көңіл, сен көңіл!

... О, не керек, не керек,  
Жер-ана аман тұрғанда,  
Тұрғанда есен ене-көк,  
Жапырағы жасыл терек ек.  
Жапанда қалған жалғызға,  
Аптапта, аяз, қар-мұзда

Сая да болдық, не керек,  
Пана да болдық, не керек.

Сен, сен көңіл, сен көңіл,  
Сергітпей қоймас енді өмір.  
Сейілмей жүрген сен емес,  
Дүн-дүние сыяр кеуде бұл.  
Жақсының жанын тербегір,  
Жаманның маңын көрмегір,  
Бұ Таймастың Мұраты  
Кірлеген сені көтере алмай,  
Талтүсте талмау жерде жүр...

... Сен, сен көңіл, сен көңіл!

*10 маусым 2001 ж.*

# СЕН МЕНІ САҒЫН, АЯУЛЫМ

(Әні бар)

Сен мені сағын, аяулым,  
Айшуақ әсем кештерде  
Арманың болмай еш пенде,  
Аймалап ақша жүзіңді  
Аңқылдақ самал ескенде.

Сен мені сағын, аяулым,  
Қарлығаш-бауыр таңдарда  
Қанатың болмай самғарға,  
Қап-қара бұлттар маңып кеп-  
Қайғысын жарса заңғарға.

Сен мені сағын, аяулым,  
Шартарап көкте — пеш кеуде  
Шағырмақ бұлттар көшкенде,  
Шақпағын жағып,

Шарқ ұрып-  
Шатырлап жасын өшкенде.

Түн басын мейлі тұңғиық,  
Мен саған мәңгі ояумын.  
Діліңмен осынау жырға ұйып,  
Сен мені сағын, аяулым,  
Сен мені сағын, аяулым!

*22 тамыз 2001 ж.*





Тізілді талай көзімнен,  
Тырналарымның да тізбегі...

Таппадым тағат бірінен,  
Сенсіз күн езді еңсені.  
Қараумен сағат тіліне  
Сағындым, жаным, мен сені,  
Сағындым, жаным, мен сені!

*10 қыркүйек 2001 ж.*

## ҚОЙШЫ БАЛАҒА

Тереземде түн қалғиды қонақтап,  
Ай тінтеді алыс қырдың балағын.  
Қайырымын қайыршыға тонатқан,  
Бірсін-бірсін оты сөнді қаланың.

Жалғыз бөлме.

Сараң жанып шырақ тұр,  
Өшірердей әлдеқайдан жел үріп...  
Өн-бойымда бір қызу қан  
Құр аттың-  
Шапқанындай құйындайды еліріп.

Сәл тыншыған шулы тірлік, тәмам үн,  
Ертең қайта сән құрады... білемін.  
Соны сезіп тар кеудеме қамалып,  
Тыпыршиды тынши алмай жүрегім.

... А, ай нұры, маңдайынан сипа сен,  
Дала желін аңсап жүр ғой бұл аусар.  
Қойшы бала, әндеріңмен ұйт әсем,  
Сен шығарсың мүмкін соңғы жырау-сал.

Сен де, мен де желмен бірге жарысқан,  
Балақаны ек сол даланың дарқан бек.  
Енді өзімше сөз қуам деп алыста,  
Сен түсінбес азабымды тартам кеп.

Иә... бақтың керегі жоқ маған да,  
Сол далада мендік сенім байланған.  
... Ең соңғы рет ер Доспамбет ағаң да  
Түсіп қалған қамшысына айналған...

Тереземе түн қалғиды қонақтап,  
Ай батады ақ таулардан әрі асып.  
Түсімде ылғи бір көкбөрі жоны аппақ,  
Ай астында қауып тұрар жарасып...

*10 желтоқсан 2001 ж.*

\* \* \*

Сен менің сезбей-ақ қой қадірімді...  
(Жалқының жалау етсін жаны мұңды)!  
Сыймаған көк теңізге бекіредей,  
Тұмсығым тасқа, міне, тағы ұрылды...  
Сен менің сезбей-ақ қой қадірімді.

Қайтерсің бұл жанымды еленбеген,  
Көлгірсіп көзіме ұрсаң сенем бе мен?!  
Бірімін, азар болсам, көп қазақтың-  
Өмірін өрнектеген өлеңменен.  
Көңілін көктемеде жел емдеген.

Әйтеуір, жырды - мұңды досым еттім,  
Басқадан кір-көңілдің хошы кетті.  
... Дәл қазір қырдың бейғам киігіндей,  
Көзімнен балақан кез жосып өтті.  
Езілген жүрегімді ол осып өтті...

Мен де бір табиғаттың тентегі едім,  
Ен жайлап, ессіз сүйдім, еркеледім.  
Сондағы ерке, бұлан болмысымнан,  
Бұл күнде бал орнына дерт еmemін.  
Отырып оңашада өртенемін.

Аңсаймын... аймен ұзақ тілдесемін,  
Жұлдыз боп ғарышта да күн кешемін.  
Мен, сірә, ақын болмай осы өмірдің  
Өлеңнен қысқа екенін білмес едім...

О, менің мәңгі іңкәрім жұмақ-ғалам,  
Қанымды бұлақ кезді бір ақтабан.  
Әнеки... түпсіз анау аспан жақтан-  
Келеді ғапыл-дүние құлап маған!..

Оқа емес.  
Сен сезбес деп өксімеймін,  
Басына бақ қона алмас бек сүлейдің!  
Жалғыз-ақ, жанды еріткен жастығымның  
Жас көріп жанарынан... тек сілейдім.

*16 желтоқсан 2001 ж.*

\* \* \*

Кейде өзімнен өзім қолдау таппаймын,  
Ойым қашып он саққа.  
Бірге жүрген досымды да даттаймын,  
... Бір Алланың уысында болсақ та.

Содан келіп жалғыздыққа шырмалам,  
Мұхит-мұңым сапырып.  
Өмір қарап тұрғандай-ақ бір маған,  
Бостан-босқа және миды қатырып.

Аға айтты: «тағдырыңа қырыспа,  
Бос мойның бар, жігітім!»  
Уақыттың уын ұрттап...  
Бұрышта  
Үрпиеді үрпек басты үмітім.

Аяқасты болғандығын растап,  
Армандарым азды,  
Тозды,  
Қаңғырды.  
Енді менің арым қалды тым асқақ,  
Жүрегіммен һәм мұңлы...

*6 ақпан 2002 ж.*

# ОН ЖЕТІ

(үкілі үштіктер)

1

*О, ол кезде бәрі де өзгеше-тін,  
Тереземіз алдында бір-бірімен  
Аппақ-аппақ кептерлер кездесетін.*

Тыныштықбек

О, ол кезде бәрі де басқаша-тын...  
Он жетінің ән аңқып омырауынан-  
Балашақпен байқамай қоштасатын.

Онда сенен үкілі хат келетін,  
Бұлбұл үні мас қылған бала жыршы-  
Түсінде ылғи абат ну бақ көретін...

Үміттің де семді енді гүлі балғын,  
... Мүң аңқыған сағыныш айлағында-  
Сең соққандай сенделіп жүріп алдым.

2

*Менің жазған хаттарым әлі бар ма?!.*

Есенғали

Құлжаның әмсе кешең күзі келген.  
Ойнақтап он жетінің ізіне ерген-  
Ұрлана қарай бердім жүзіңе елден.

Айта алмай арманымды қысылғанмын,  
Сосын мен саған іңкәр сезімге орап-  
Кеудемнен сәруар-құстар ұшырғанмын...

Енді ешкім сені мендей сағынар ма?!.  
... Ақ қанат сол құстарым — лағыл арман,  
Тек сенің жүрегіңде дамыл алған.

*Ақпан, 2002 ж.*



# ҚАБЫЛБЕК АҒАТАЙЫМА

*... Сендей-ақ шығар, сірә да,  
Көкжалмын дейтін жігіттер!*  
Меңдекеш Сатыбалдиев

«Құлжадай айбар мүйіздім,  
Құландай ащы дауыстым» -  
Айта да жүріп осы “әнді”,  
Ағамен сендей қауыштым.

Шәкіртің болдым.  
Жалыны-  
Жанартау болып лаулаған.  
Болдым мен саған әрі іні,  
Бесті асау аттан аумаған!

Сондайда албырт тілекпен  
Тентектік етсем “есіріп”,  
Ағалық аппақ жүрекпен  
Оны да кеттің кешіріп.

Ғашықтық қайғы тосын кеп,  
Күйдірсе дерті гөзәлдің-  
Онда сен ғазиз досым боп,  
«Жүректен тербеп» сөз алдың...

Ағамен сендей бір жүрдім,  
Ұстазды сендей сыйладым.  
Бүлдірмес жерде — “бүлдірдім”,  
Қинамас жерде — “қинадым”.

«Құлжадай айбар мүйіздім,  
Құландай ащы дауыстым»-  
Мен де бір сыңар бөрі едім,  
Егіз боп сенімен табыстым...

Уілдер намыс-тұмадан,  
Үкілі біздің үміттер.  
«Сендей-ақ шығар, сірә да-  
Көкжалмын дейтін жігіттер»!

*21 сәуір 2003 ж.*



Азырақ назды нетейін сенен бүгіп қап,  
Бізден де өтер бөкендей желген жігіт шақ.  
Ұқпай-ақ қойдым,  
Білмей-ақ қойдым бірақ та,  
Ағалар осы ініге неге “ұмытшақ”?!.

*9 наурыз 2004 ж.*

\* \* \*

... Дүние біздің иықта.

Артығали Ыбыраев

Санамды сезім тұмшалап қалды,  
Кездесу тіптен ғайып-ты:  
Түгесе ішіп түн-шараптарды,  
Жұлдыздарменен кайып қып-

Көңілім шалқып жыр оқып та алам,  
Қол соғады олар күлімдеп.  
Ішімнен әйтеу ұнатып барам,  
Шолпанның нұрлы түрін бек.

Армандай аңсар сұлу ай үшін  
Беремін өзім ән бастап.  
Пенденің күлдік мұңын айтысып,  
... Дүниең — біздің жамбаста!

11 ақпан 2002 ж.

# ТАҢЖАРЫҚ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

(Ақынның 100 жылдық  
мерейтойына арналған студенттер  
жыр мүшәйрасында оқылған өлең)

## 1. Тағзым

Әзелден жүрген ердің қамын ойлап,  
Ассалаумағалайкүм, ауыл-аймақ!  
Жыр-дұға бағыштадым а құдайлап,  
Әуелі сен ырза бол, жәми аруақ!

Ел-ана, ықылымның жайын білген,  
Ақ төсің ажырамасын, ләйім, гүлден.  
Мен де бір ұланың ем айым күлген,  
Талаптың тарпаң құла тайын мінген.

«Алашым — ардағым» - деп ұрандаған,  
Алыптар адымынан сыр аңдағам...  
Мән сыйлап мәңгі маздақ мұраң маған,

Бұлайдай жігіт болдым бұлайдаған.

Перзенттік алғысымды айтам әлі,  
(Бесімді бес мың қылып қайтарамын).  
Сендік мол махаббаттан тебіреніп,  
Көңілімде көгілдір көл шайқалады...

О, далам, данагөйім, құдіретім,  
Жүрегім, жұдырықтай жұмыр етім,  
Бұлт сүзген арқар-шыңды тұғыр етіп,  
Кеудеме салған жалғыз сүгіретім!

Сен менің сеңгіріме ән қалашы,  
Самғасын арман солай, самғағасын.  
Мың мәрте тағзым саған,  
Уа, Қазақтың  
Марғасқа ұлдар туған маң даласы!!!

## 2. Таңжарық

... Ақ таңға қара перде тосылды бір,  
Жапанға жарқырады-ай сосынғы нұр.  
Қазақтың қара дария-өлеңіне  
Шақпыдан шапқылап кеп қосылды жыр.

Сол жырда шайыр шығыс иісі бар,  
Және әйбат табиғаттың мүйісі бар.  
Жастықтан жас жүрекке сый ұсынар-  
Анар мен Сәуле жігіт сүйісі бар!..

Аты да, заты да оның асыл нұрдай,  
Ғасырдан әкетті әрмен ғасыр жырлай.  
Аузымен құс тістеген тұлпар Тәкең,  
Жиделібайсын кеткендей басын бұрмай...

Өлмедің.  
Өнегеңді күнде көрем,  
О, қайран талқы-тағдыр, кірлемеген!  
Той қамдап абыр-сабыр осынау шаһар,  
Бас салып сені бір кез түрмелеген.

Сыңсыған сыбызғылы сырды сақтап,




Кеудеңе қонған сенің жыр құсы аппақ.  
... Қазақтың жомарт, сақи даласы, әне-  
Тойыңа келе жатыр гүл құшақтап!

*10 сәуір 2003 ж.*

2-БӨЛІМ

**САМ ЖАМЫРАП  
КЕЛЕДІ...**



\* \* \*

Сам жамырап келеді, сам жамырап,  
Жымыады жұлдыздар жанданып ап.  
Күнде мұңға шөлдеген, түнде нұрға,  
әлдеқайдан сыңсиды ән-маңырақ.

Әлдеқайдан сыңсиды маңырақ-ән,  
Еркіңнен тыс жаныңды жадылаған.  
Сай сүйегің сырқырар сұмдық үні,  
Сиқырлайды бойыңды тағы жаман.

Сыңсиды кеп тылсым үн,  
Сиқырлайды,  
Кейде кенет кілт тоқтап, тың тыңдайды.  
Шыңырауға шым батып...  
Сосын қайта  
Бебеулейді,  
Безілдеп тұр-тұрлайды.

Сам жамырап келеді, сам жамырап,  
Әлденені аңсайды жан қаңырап.  
Екі көзі қанталап,

Талқысыған  
Беймаза түн түреді таңға құлақ.

Сам жамырап келеді...

*3 ақпан 2014 ж.*

## ТҮННІҢ ИІСІ

*... Түннің иісі болатын жұпары өзге,  
Сол иісті, рас, сағынам анда-санда.*

Есенғали

Оның барын кім ойлаған бұрын да...  
Ауылда өстік әр нәрсені ырымдап.  
... Ертегідей сұлу, бейбіт ауылдан,  
Түннің иісі келуші еді - ай мұрынға.

«Осы бала мұңға бейім неге тым?» -  
Жобай жақтан ай да нұрын төгетін.  
Шақырса да үйге қайтпай,  
Етекте  
Түннің иісін иіскей бергім келетін.

Ұжымақтан түскен ғажап нұр деймін,  
Жасыл нуда жаңа ашылған бүр деймін.

Асыл апам иісі ме екен, жоқ, әлде-  
Жайлаудың ба,  
Жылқының ба...  
Білмеймін.

Әйтеу, соны иіскей бергім келеді,  
Әйтеу, соны иіскей бергім келеді!  
Моп-момақан тірлігіне малданып,  
Сезбейтіндей, білмейтіндей ел оны.

Түннің иісі-ай!..  
Түннің иісі қандай-ды,  
Иіскей берем, құмарым бір қанбайды...  
О, құдірет!  
Бұрымыңның иісі  
Жұпары өзге сол иістен аумайды!

Оны мұнда деп қане кім ойлаған,  
Бұрқырап тұр...  
Қасиетін де жоймаған!  
Маған қалай сыйлай салған ақ тәңір,  
Рақатымды қызығына тоймаған?!.

Ұжымақтан түскен ғажап нұр деймін,  
Жасыл нуда жаңа ашылған бүр деймін.  
Асыл апам иісі ме екен, жоқ, әлде-  
Жайлаудың ба,

Жылқының ба...  
Білмеймін.

Өзендердей сүйеніш қып даланы,  
Бір жас ғұмыр жарқыл қағып барады!  
... Бұрымыңдай өрген осы жырымнан,  
Түннің иісі аңқып тұрса...  
Жарады.

*15 қазан 2003 ж.*

## ОРАЛХАН

Күн-кеудеден кереметтей нұр саулап,  
Атақты Алтай кең дүниені құрсаулап...  
Иісі қазақты емірентіп, идіріп,  
Құйын-перен ағып өтті бір саңлақ.

Мынау аппақ дүниеден бораған-  
Егіз келді бақыт пенен сор оған.  
Сондадағы әз, тәкаппар бір басын,  
Ор киіктей имей өтті сол ағаң.

Қарай-қарай хабар болмай қар қыздан,  
Жігіт еді-ай сере-сере қар бұзған.  
Ақ түтекті аспанға атты сол жаяу,  
Ал, үн түгіл айқай шықты жалғыздан...

«Орашым»-деп жыламайды, билейді ел,  
Сен де күйші «Оралхан» деп күйлей бер.  
Гүлге оранған оның сұлу тағдырын,  
Жүрек болсаң, ей, қанеки, сүймей көр!



Сеңгір иіскеп жарқыраған ай-төсін,  
Ала қашқан арғымақтай... әй, сосын-  
Махаббаттың ақ бесігі әлдилеп...  
Өмірден де озып кетті ол, қайтесің!

*24 желтоқсан 2002 ж.*

# МЕН КҮЛІКПІН

*Арғымақтың баласы*

*Арыған сайын тың жортар*

*Арқамнан қосым қалар деп.*

Қазтуған жырау

Мен күлікпін!

Керегі жоқ күйістің,

Кекілімнен кетсе де аунап қиыс күн!

Ерте көктем пері ойнақта туылып,

Мамырстан дүниемен түйістім.

Мені есейтгі сұлу өлке, паң аймақ,

Қанат берді рауан таңдар арайлап.

Сайын қырда сағым болып жүйткідім,

Тамырымда Тайбурылдың қаны ойнап.

Әзелден-ақ ен жайлаған еркінмін,

Құйрық-жалым желге сүзіп желпіндім.

Тұяғымнан қаққан сайын қу томар,

Дүр сілкініп хас қырандай серпілдім.

Мен күлікпін!  
Керегі не күйістің,  
Жел жаратқан тағдырыммен түйістім.  
Алмағайып күн туса да тың жортып,  
Күлдір-күлдір кісінеуге тиіспін!

*16 сәуір 2003 ж.*

# ТАҒДЫР

Адасқақ ай адасады сеңгірде,  
Оған бағдар сілтей алмас теңбіл көк.  
...Ұлы-жіңгір өміріңнен шетін қап,  
Өлең ойлап келе жаттым мен бірде.

Раушан гүлдер солып жатыр жайнаған,  
Оны жазып жеткізеді қай қалам?!  
Бірақ, біздің қара көзді халыққа,  
Құдай өзі өлең-олжа байлаған.

Кездер өтті жуасыған, жасыған,  
Оны ойласам ширығып бір басылам.  
Ау, мына біз — көкжал-қаған ұрқымыз,  
Ақындықтан мейманасы тасыған.

Жаңа заман, жас ғасырға бүгінде  
Байтақ алаш бас қойғанда дүрілдеп-  
Бағзы абат қара нуды аңсап бір,  
Жыр жазамын құмыр құстың тілінде...

Ұл өсірген Ораздыдай үйірлім,  
Ақ қыздарын әспеттеген жиырлым,  
Әттең, сендік ән ғұзырлы тағдырға  
Мен еңіреу мұрынымды шүйірдім.

Заман жайлы толғанамын мен де көп,  
Қырдан ескен жүйрік қызыл жел ме деп.  
... Көк жүзінде сызылмаған сызықпен,  
Адасқақ ай кете барды дөңгелеп.

... Адасқақ ай адасады сеңгірде.

*27 наурыз 2003 ж.*

# ЖИРЕН АТТЫ ЖҰМАТАЙ

*Сіздей ақын тумайды енді адамнан,*

*Сіздей аға болмайды енді өлеңде...*

Гүлнәр Салықбай

...Ондай аға болмайды енді өлеңде,  
Өмірде де болмайды ондай Ләйла қыз...  
Жердің бетін кетті шарлап дегенмен,  
Жирен атты ақын қазақ жайлы аңыз.

Домбырадан күйлер төгіп не ғажап,  
Өмірден кіл бекзат-өлең есіпті.  
Жүз жылда бір туатұғын со қазақ,  
Асқақ, сұлу, мөлдір ғұмыр кешіпті.

Әй, өзі де жошын екен тұқымды-  
«Күйші сұлтан, тарихшы бек жиені».  
Бақтыбайдың домбырасы сықылды  
Онікі де бопты дейді киелі...

Мәжнүн болып құзырына Ләйланың-  
Жүз қаралы төлеңгітін жаудырып,  
Тіштен қайтпай қойыпты.  
Үйде  
Зайданың  
Айлап, жылдап алиндігін аудырып...

Сөйткен ақын кетті күліп ғарышқа,  
Кіл кешенің тірлігіне шыдамай...  
Өр рухы болашаққа қарыштап,  
Қалды мұнда бес күн дәурен бұлағай.

Мен күніне сол ағаны сағынам,  
Жүрегімде қорғасындай мұң ұйып.  
... Әне, анау құсжолының жанынан,  
Жарқырап тұр қара алмас көз жымыып...

Таңдарымды бұлдеге орап күн арай,  
Сен де бастан өтерсің-ау, беу, жазым!  
... Нағыз ақын жирен атты Жұматай,  
Ал, музаны ару Ләйла деу ләзім.

*12 қазан 2003 ж.*

# ҚАРАЖОН БӘЙІТТЕРІ

## АТАМНЫҢ ӨЛЕҢІ

Біздің ауыл Қаражон етегінде,  
Бала күнгі бағзы бір мекенімде.  
Кешегі игі жақсылар кеткен жаққа,  
Дәм-тұз бітсе, дариға-ай, кетемін де.

Біреуі жүр түсімде, елін сұрап,  
Ал біреуі ырысты жерін сұрап...  
Күнге осы жұма ма,  
Немене еді,  
Құран оқып қояйын, келін шырақ.

«Табанымда тұрғанда бұл Қаражон,  
Көкке жақын басқадан бір дәрежем!»-  
Дейтұғын-ды ер көңіл, жомарт мінез,  
Көкжалды да бақанмен ұрған әжең...

Жетім қалған балаға ұсады ма-  
Діндар шалы қасқа атын тұсады да,  
Кемпірінің жанына жөнөп берді,  
Тіршіліктің бұ да бір мысалы да.



Дастарқаның жая ғой, шырақ келін,  
Не ызың ол,  
Радионы бұрап па едің?!  
(Өзің рақым ете гөр, иә, Аллаһ,  
Аруақтарға мекен қып жұмақ төрін).

Нұрландырып жүруші ед атырабын,  
Еске түсіп апаң да жатыр, әні...  
Құлағымда бір үн бар,  
Құдай біледі,  
Мені дағы сол кемпір шақырады.

«Біздің ауыл Қаражон етегінде...»

*1 желтоқсан 2003ж*

\* \* \*

Қазанғаптың күйлерін еске салып,  
Қаражонда кіл қоңыр кеш батады.  
Қаладағы жалғыз ұл кеп қалар деп,  
Қара кемпір аямай етті асады.

Бір қалыппен қайнайды қара қазан,  
Ал, астына түсердей ана мазаң.  
Мұртын көкке шаншылтып моржа-ақын,  
Оқиды кеп және бір жаңа газал.

Мазаң ана ағарған әр самайды,  
Жаулығының ұшымен қалқалайды.  
Бір бітпейтін шаруасын қамдап жүріп,  
Қара жолға қараудан шаршамайды...

Тәңіртаудың бөктерлеп мол сілемін,  
Сол жирен күн сүйретіп сол шідерін  
Қырдан әрмен асқанда,  
Шалын жұмсап  
Шақыратын қонаққа көршілерін.

Кілең көрші бір-бірін арқа біліп,  
Ыстық-ыстық сорпаны сарқады үріп.  
Мазаң ана жанары мұңға лайық,  
Тілек тілер табағын тарта жүріп.

«Қош келіпсің, тәңірдей тәмам көршім,  
Бақыт, байлық бәрі де саған қонсын» -  
Күбірлейтін сонан соң әрі айналып,  
«Әйтеуір сол жаман ұл аман болсын»!

... Қаражонда тағы бір кеш батады.

*10 шілде 2004ж*

\* \* \*

Қараның ауыл жонында,  
Қоржын там үйлер, қотандар.  
Құзға аққан сонау қорымда,  
Қордайдай сұлу Отан бар!

Мен соның қара тентегі,  
Қасқая жүрген дауылға.  
Еркелеп өскем ен-тегін,  
Анау бір жылқылы ауылда.

Қайраған мақтау сөз үшін,  
“Шекіскем” талай құрбыммен.  
Жаңылқан апам қозысын,  
“Шомылдырам” деп бүлдіргем...

Қайыңдыбұлақ көк мұзы,  
Көншімес көңіл жығылмай.  
Өтті де кетті көп қызық,  
Құлдыраңдаған құлындай.

Жылқылы ауыл жырыма  
Сергектік берді бір керім.  
Апамның мейірім-нұрынан,  
Бүртігім жарып бүрледім.

Қайғысыз жастық қалды артта,  
Жырлап бір бітпес өлеңмен.  
Жүректе соны салмақтап,  
Толғатып, толқып келем мен.

Жарқылдап нұрлы от көңілде,  
Шақырады алыс жұлдыздар.  
Шеру боп шексіз өмірге  
Келеді шұбап құндыздар...

*12 қыркүйек 2004ж.*

Қаражон.

Құралай шақ.

Іңір.

Ауыл.

Кеш — қоңыр, аспан — алыс, құбыла — нұр.

Күн ұзын Күнікеймен гүл терем де,

Кешкісін өз ойыма қыдырамын.

Жартыкеш ай туады имегі бар...

Мен бе екем онда тегі күйге құмар?!

Түн бойы құрқылдайды ауық-ауық,

Апамның сабасында үйрегі бар!..

Жапырып Қарабұлақ жапырағын,

Той болған көрші ауылда нөпір ағын.

Алдына ат салмаған Сарбауыр тұр,

Бозұйдің белдеуінде оқыранып.

Ай нұры мелдеп қалған...

Іргеде мал.

Жабықтан сығалайды сүмбе жанар.

Апамның омырауына басым тығып,

Батамын тәтті ұйқыға — “күндегі амал”.

Желкілдеп жетегінде желген күннің,

Мен — сәби-қиялдарға тербелдім мың.

... Сонда апам омырауынан аңқушы еді-ау,  
Жұпары Күнікеймен терген гүлдің.

Ол кезге енді қайтып бармасам да,  
Әлдебір ескі елеспен жалғасам да  
Апамның иісін аңсап...  
Мұңға батам,  
Сағынам Күнікейді анда-санда.

*17 сәуір 2005 ж.*

## КІНДІКЖҰРТ

Қазанында ежігей құрт қайнаулы,  
Желісінде мама бие байлаулы.  
Қаражонда біздің Жалғызқарағай —  
Онда нағыз жәннаты еді жайлаудың.

Күлік өңшең жігіттердің мінгені,  
Қашан көрсең, жарқылдасып жүргені!  
Шамырқанып алатұғын шалдар да,  
Көрші ауылға көкпар кеткен күндері!

Қазақы ер — басы еді мүлкінің,  
Онсыз тіпті өтпейтұғын бір күні.  
Жататұғын шұрқырасып, табысып,  
Жусауындай ғұмыр кешіп жылқының.

Жүздерінен тамып жұрттың иманы,  
Бірлігіне, тірлігіне риза-ды.  
Шешелерден көріп өскен ізеттік-  
Бойжеткеннің жүкпен қоса жиғаны.

Көше қалса көлікті еді артқаны,  
Жарлысы да жалғыз айыл тартпады.  
Бүкіл ауыл бір құлақ боп тыңдайтын,



Сөз бастаса пайғамбардай қарттары.

Тойбастарда әуелейтін ән-күйі,  
Домбыраға көрген емес шаң тиіп!  
Көз де салмай көлденең көк аттыға,  
Маң төбеттер жатушы еді маңқиып.

Тағдыр мені сол ауылға матады,  
Бір сағыныш жанға ауыр батады.  
... Түсімде ылғи жүген-құрық тимеген,  
Сайгүліктер ағып бара жатады.

*4 желтоқсан 2008 ж.*

# ҚАРАЖОН. НАУРЫЗ АЙЫ...

Қар кете Қаражонда көк қылтиды,  
Қайнарда ескі шалам — шөп кілқиді.  
Қайыс бау қара домбыраны қолына алып,  
Қарт күйші тартты бүгін тек бір кұйді.

Келтіріп бабына әбден құлақ кұйді,  
Әуезді шашау шыққан бұрап тыйды.  
Ал, сосын тоғыз тарау асау бұлап,  
Жамырап көл-шанаққа құлап құйды.

Күй басы қыз-көктемнің көйлегі боп,  
Баратты бірте-бірте ой легі үдеп.  
Сүйегін ұт балқытып балбыраған,  
Қайыс бау қара домбыра сөйледі кеп.

Қоңыр үн қой ішектен қоздап ағып,  
Қанатын жатты құстар жазға малып.  
Жөңкіген топан селге тоғытылды,  
Торы ала тоғыз перне тозған арып.

Тыншытпай көбең көңіл — жан асауын,  
Қыр кезіп жүйткіді кеп бала-сағым.  
Шарбақта боталаған тұмса інгеннің,  
Көзінде сәуле ойнайды алашабыр.

Көп тентек тапап қуып “таз баланы”,  
Ұрланып асық атып... мәз болады.  
Түстікте кәрі көкірек Тәңіртаудың,  
Қаракөл бұйра бөркі қозғалады.

Осы қарт — қисайғанда сүйенерім,  
Осы күй — тағдырыма ие менің.  
Қарт күйші дегенім ол —  
Қаражон ғой,  
Әз наурыз —  
Сонда тартқан күйі еді оның.

*9 қазан 2009 ж.*

# ОҢАЛБЕК АҒАМ. ҚАШАҒАН ЖИРЕН. ЖАСТЫҚ ШАҚ...

Бозбалада болғанымен күй басқа,  
Жастық ылғи түсе бермес ұйқасқа.  
... Бәсіреге таңдады ағам жылқыдан-  
Қанжиренді,  
Болар-болмас ши қасқа.

Жылқышының баласы ғой.  
Тезегін-  
Мақтап жүрді, бірдеңені сезеді...  
Айтпаса да, арда емген сол жирен тай  
Арғы тұқым — көне жылқы көзі еді...

Құнанында «жілігі әлі құм» деді,  
Дөненінде «қандыпұт» деп мінбеді.  
Жасылкөлді жайлап қайтқан сол жылы,  
Жайтаң қағып, жирен тіпті түрледі.

Бір көргеннен қызықтырар кісінді,  
Сұлу жирен сурет еді мүсінді!  
Жалғыз міні — жанға ұстатпас қашаған,  
Оны да ағам өрлікпен тең түсінді.

Бестісінде ер салды «енді, болды» деп,  
«Белі бекіп, жілігі де толды» деп.  
Көкпар сайын жирен сағым шулатты,  
Көз ұшынан көрініп қап соңғы рет...

Жайшылықта тұрғанымен бой тастап,  
Мінсең шұлғып басар еді ойқастап.  
Барып тұрған қашаған ғой,  
Және өзі  
Қашағанды құтқармайтын айқасса-ақ.

Жиын-тойда жирен жұлдыз көсілді,  
Ауылдың да мерейін көп өсірді.  
Соған мәз боп,  
Әлгі кіді мінезін  
Күліп қойып, атам да іштей кешірді.

Сол жаз ағам армансыз-ақ тойлады,  
Күзге қарай бастың қамын ойлады.  
Отау тікті, бала сұйді, басылды,  
Бірақ, жирен қу мінезін қоймады.

Басқа атыңа толмайтындай тақымы,  
Біраз жылдар мініп жүрді қатырып.  
Алыс кетсе ұмыт болар деді ме,  
Атты әскерге сатып тыңды ақыры.

Қайран жирен!..  
Оттай жанып жанары,  
Оқыранып иесіне қарады.  
Теріс айналып кетті ағам...  
Жиренмен  
Қайта оралмас жастық кетіп барады!

*31 шілде 2011 ж. Үрімжі*

## АМАНТАЙ. АСАУЛАР...

Қаражонда қар кетіп, сағым ағар,  
Сәуірік қызған сәуірдің шағы болар...  
Жалаң қылыш — жас еді онда Амантай,  
Албастысын асаудың қағып алар.

Дей алмаймын сері еді, сетер еді,  
Жетер еді екі әні — екі өлеңі.  
«Халаулай» деп басталып соның бірі,  
«Қасқыр жегірге» ауысып кетер еді.

Көкірегін бір арман шөлдетеді,  
Қолбайлауға қора қой мол жетеді.  
Күйе жүріп, өмірді сүйе жүріп,  
Бір отарды бір өзі төлдетеді.

Мінезі де шіркіннің қызық еді,  
Өрттей лаулап онсызда қызыл өңі-  
Қозысынан жеріген талай қойдың,  
Өз қолымен тұмсығын бұзып еді...

Ат сауырын ақ көбік сауыс қылып,  
Екі күнде бір асау ауыстырып-

Қайдан да дүр қасыңа кеп тұрғаны,  
«Халаулайды» қайыра тағы ысқырып.

«Шошқа» дейді,  
Онысы «қой» дегені,  
Қандай қызық бұрқылдап сөйлегені!  
Ардың-гүрдің болғанмен,  
Ақкөңіл ғой,  
Бой беретін жерінде бой береді.

Талай долы дөненге бас білдіріп,  
Етігінің жұлығын тасқа ілдіріп-  
Ақсия кеп күлетін көңілі өсіп,  
Асау үшін жаралған қасқыр-жігіт!

Оған таныс өлкенің сай, батпағы,  
Асауменен өткізді айды, аптаны.  
Бет-ауызды бүлдірді,  
Бір қоймады,  
Аяқты да сындырды,  
Әй, қайтпады!

Түскенінше жігіттік жолға айырық,  
Жүрді осылай Амантай қой қайырып.  
«Халаулайға» басатын ауық-ауық,  
Көңіліндегі сол қалқа болмай ұмыт.



Жынын алған шу асау не бестінің,  
Жырынды күн, міне, енді елес бүгін.  
... Өзі дағы жуасып,  
Жұма сайын  
Мешіт жаққа барып жүр деп естідім.

*2 тамыз 2011 ж. Үрімжі*

# ҚАРАГӨЗ ТҮН - ҒАШЫҒЫМ

Жалған десін қалайша жалған мұны,  
Маған онсыз жалғанның арзан мұңы.  
Мен онымен кезіккем жалғыз мәрте,  
Сөлкебайы үзіліп қалған күні...

Ол жылаған: тағдырға налып, бекіп;  
Мен күлгем: шайтан түртіп шабытты етіп.  
Сонда оның қара зер омырауынан,  
Жұлдыз моншақ тұрды әнтек тамып кетіп...

«Біз, тегі, осы сәтті тілемей ме ек,  
Қарағым, қарагөзім, міне ғой!» деп-  
Мен оны бастан-көзден сүйе бергем,  
Сүйе бергем мен оны сілемейлеп.

Шыдамай бойда қаным тасығанға,  
(Мен, сірә, әлде неге асығам да)-  
Ернінен, тамағынан өпкем оны,  
Жұпар иісі аңқыған шашынан да...

Сәлден соң көк шалғынға құлағанбыз,  
(Бұған дейін қалайша шыдағанбыз)?!  
Ол мені ұйқысырап қысып қойды,  
Әзірше қоштасудан дін-аманбыз.

Төсеніш ол — торқадай топырақтан,  
Жамылғымыз жап-жасыл жапырақтан.  
... Қалғып кетсем керек-ті.  
Алдымда тұр  
Аузы-басы қисаймай ақымақ таң!

Жалған десін қалайша жалған мұны,  
Сөлкебайын жоғалтып алған күні-  
Оның барлық қуаныш-қайғысының  
Жанарыма жазылып қалған мұңы.

*13 қазан 2008 ж.*

\* \* \*

*Жайлауға тойға барып нем бар еді?!.*

Жұматай

Ойлы көз, ойнақы сөз, өңді, әдемі,  
Дегендей бар дертіңнің мен ғана емі...  
Көз жазып қалдым, міне, сол қарғамнан,  
Күнеске айтысқа кеп нем бар еді?!.

Лебізі ұжымақтан ескен лептей-  
Сол бейне жатсам-тұрсам естен кетпей,  
Мұңайып сағыныштан бәйіт жаздым,  
Бұл да бір аталардан көшкен дерт қой...

Япыр-ай, неге ғана келдім екен,  
Ортайған көңілімді енді не етем?!  
Жастықтың жайлауынан  
Бір жалт етіп,  
Шынымен кеткені ме меңді бөкен?!.

Жете алмай желкем күзде қарға адымға,  
Шырмалып шыға алмастай шалма-мұңға,  
Ел көшіп,  
Құлазыған елсіздегі  
Бімырттай қоңырайып қалғаным ба?!.

P.S.

Жаз күйін шерте бермес ұдайы уақыт,  
Қашанғы қолда дейсің шынайы ақық?!  
Күнесте күлкім кеміп...  
Қалып барам,  
Айырылып сол қарғамнан құдай атып...

# СЕН ШЫНЫНДА БАҚЫТТЫСЫҢ...

(Әні бар)

Алдымыздан арайланып атып таң,  
Басым алғаш айналып ед бақыттан.  
Екі тарау жолға шықтық бірақ біз,  
Оның бәрі екі айналмас уақыттан.

Өзің жайлы ойламауға әл келмей,  
Отырамын атса да алуан таң нендей.  
Сен шынында бақыттысың, аяулым,  
Сағынарың болғаны үшін дәл мендей.

Баяны жоқ бақытқа да сенгенмен,  
Аяңы жоқ уақытқа да сенгенмен-  
Ешқандай күш өшіре алмас бейнеңді,  
Менің мынау мәңгі іңкәр кеудемнен.

Бұл өмірде ақпан бар да, тамыз бар,  
Соғар әлі саумал самал, сан ызғар.  
Әрбір жүрек түкпіріне байланған,  
Ұмытылмас сағынышына қарыздар.

2008 ж.

# ЭКСПРОМТ

(Азырақ Жүмекенше)

«Айда, менің аққан жылым, айларым,  
Құмда ізің, қалмаса да сайда әнің.  
Қаражонды тастап қашқан аусардың,  
Көкірегінде кілкісін бір қайғы-ағын.

Теңеу, оның ауыстыртпа көйлегін,  
Түнеріп кеп жаумай кетсін ой легі.  
Түк қиыспай тұрып алсын табандап,  
Түртіп кеткен жалғыз-жарым сөйлемі.

Ұйқас, сен де оған оңай алдырма,  
Айналып ал дым тамбайтын тандырға.  
Мазмұн біткен мағынадан айырылып,  
Шертіп қалса айғайлап бер даңғырлап.

Сезсін солай азабын шын ақынның,  
Таңдайына сонда ғана татыр мұң» -  
Деп өзімді жерден алып, жерге сап,  
Сол баяғы өлең жазып жатырмын.

*9 желтоқсан 2008 ж.*

# ЕЛТҰТҚАСЫ ЕРТЕҢНІҢ...

Әр үйдің алтын айдар асыл айы,  
(Әуелден есіміңе осы лайық).  
Әйтеуір құмары бір тарқамаған,  
Атаның сенсің бұйра насыбайы!

Осыным ескі теңеу десемдағы,  
Ойымның түп қазығы бәсең нағып?!  
Отбасын о бастан-ақ отарға алған,  
Әженің алуа шекер, әсел балы!

Ұласқан үмітіне шаттық әні-  
Тағы бір махаббат бар жоқ қылауы.  
Мейірім аталатын бір аты оның-  
Ананың аңқып аққан ақ бұлағы!

Манаурап тіршіліктің бұла таңы,  
Ертең-ақ мына дүние гүл атады...  
Мен дағы барлық жайсаң әкеге ұсап,  
Сендерге «ат болуды» ұнатамын!



Сенім де семсер ғой бір балдағы ақық,  
Көрсетер бәрі-бәрін алдағы уақыт.  
Ертеңнің ел тұтқасы,  
бүгін сені  
Көтерсе біздің иық,  
Ол да бақыт!

*26 мамыр. 2009 ж*

# БАЛАЛАРҒА БАЙҒАЗЫ

Құлындар!

Күн сүйген күлтелі тұлымдар!

Мереке күнім деп, күлімдеп,

Менің де байғазы-жырымды ал.

Байлығы, бақыты іргенің-

Сенің бір мәз болып күлгенің.

Құлпыра түсіңдер түрленіп,

Қырмызы қызғалдақ гүлдерім!

Бал тілді балақай,

Тұмарлы бәсірең әне, тай!

Желдей ес туған жер төсінде,

О, бәлі!..

Алақай, алақай!!!

Жүзіңнен алтын таң арайлап,

Көркіңе көкте күн қарайлап,

Шаттансын сендермен бірге әлем,

Мақтансын байтақ ел, бар аймақ!

Ұлттың өркені — өренім,  
Елімнің ертеңі — беренім.  
Осынау өжет, өр бейнеңнен,  
Болашақ дидарын көремін!

*30 мамыр 2009 ж.*

\* \* \*

О, жүрек,  
Неге-дүр  
Мұңайдың мұншама?!  
Махаббат, мол өмір  
Маздатып тұрса да.

Албырт, өр сезім бе  
Алапат күшімен,  
Көтермес кезіңде  
Көлеңке түсірген?!

Жоқ, әлде ақыл ма  
Айтқаны төрлемек?!  
... Әммеден ақынға  
Әуелі сен керек!

Серпілші тезірек,  
Жан-тәнім оянсын.  
Неден-дүр  
О, жүрек,  
Осынша қаяусың?!

Мен саған ырза едім,  
Әмірің үшін де.  
Жалқы едің, мырза едің,  
Жалғызым, кішірме.

## ҚАДЫР-ХИКМЕТ

Тұрқы тұлпар мүсінді,  
Сырты сұңқар пішінді,  
Хикметтей кісінді,  
Жұрт та солай түсінді.

Ол сүйреді өлеңді,  
Дәуір оны көтерді.  
Еңбегі де  
Беу, енді  
Құмырысқадан бетер-ді!

Петефиден, Назымнан  
Тәржімалап терледі.  
Және өзі жазудан  
Елге “есе” бермеді.

Жүмекенге таңғалып,  
«Талант!» деді,  
«Ер!» деді.  
Атақ- даңқты  
“Аңғалың” -  
Көре тұрып, көрмеді.

Заманының балына  
Батырмады бармағын.  
Арманының жалынан  
Ажырамады-ау саңлағың!

Қыдырғанмен Қырымға,  
Ұстамады шөлмекті.  
Ұмсынбады шылымға,  
Уақыты өлмек-ті.

Бір жүрекпен толғана,  
Мың жүректі тербеді.  
“Аз” боп тұрды сонда да  
Берерінен бергені!

Көрмей білген тысыңды,  
Айтпай сезген ішіңді,  
Асықтай-ақ кісіңді,  
Ақын деді ел күші ырғын.

Қызмет пен тұрмысқа  
Шегелену — сол шемен,  
Жазу дейтін “қылмысқа” -  
Батты ол солай белшеден!

Жатпады жыр күйі тілеп,  
Жаңа парақ — әр ақ таң.  
Осы — «қадыр-хикмет»,  
Ақын өзі жаратқан!



# ХАНБАЛЫҚ ҚАСИДАЛАРЫ

## 1. Ханбалық. “Қазақ ауылы”

Ханбалықта отыр ауыл,  
Берекемен қауымдасып.  
Аңсап туған топырағын,  
Және мұнда бауыр басып.

Ақыл қосар әр ісіне-  
Әкбар ағаң — “бас болысы”,  
Құрметтейді кәрісі де,  
Құлар тіптен жас перісі!

Тағдыр осы қауымыңа  
Етпегенмен тауды несіп,  
Ойша жаурап жауынына  
Шертер қырдың әңгімесін.

Жар бермесе асқа, суға  
Күнделікті жұмыс бабы,  
Әйтсе де бір басқосуда  
Жазып алар құрыстарын.

Ара ағайын салмаса да  
(Асық күнді тізіп атып),  
Келін алар анда-санда,  
Оқта-текте қыз ұзатып.

Кәрі-жасы жарасады  
Ұлыс күні қауқылдасып.  
Қимай-қимай тарасады,  
Әрең-әрең мауқын басып.

Жыл сайынғы соғым басы  
Естен кетпес қызық анық-  
Сыра ішеді тоғын басып,  
Ән мен күйге қызып алып.

Таң атады, күн батады,  
Қала өмірі — тым сабылыс...  
Жүректерін сыздатады  
Бәріне ортақ бір сағыныш!

Нан шаһарға бауыр басып,  
Аңсап туған топырағын-  
Ханбалықта қауымдасып,  
Аядай боп отыр “ауыл”.

## 2. Бейжіңдегі наурыз мерекесі - 2010

Ескіден сүрі, әзір де болып ақтан дәм,  
Қара сабадан қымыз қотарып бапталған-  
Қыс бойы қысыр байлаған күнес басынан,  
Тұрдыбек көпес Бейжіңді бетке ап аттанған.

Мақпал нұрлардан малынып алтын шұғаға-  
Бояуын тапқан тастағы тарғыл қына да.  
Ел-жұрттың ыстық сәлемін алып келеді,  
Елдіктің ескі көзіндей болған сыбаға.

Шаһардың шетін осқыра орғып жағалап,  
Вокзалдан барып тізгінін тартты тоғанақ.  
Отардан келген жылқышылардай жымыиып,  
Теңкиген теңдер түсіп те жатты домалап.

Дәстүрді білмеу, қызға — ұят, сірә, ұлға — сын,  
Ал, мұнда тойлау рәсім екен жыл басын.  
Ән-күйге балқып, оң болсын айтып ұлысқа,  
Еске алды бәрі ауылды... сосын құрдасын!

Тыста өрген сонау сағымнан мезгіл сазы ақса,  
Есіңе түсер

Ескі бір дәурен, азат шақ...  
Көктемнің ұрын келгенін бұрын сезініп,  
Аңқылдақ самал аңқылдап тұрды қазақша.



Қарсы алдында қаймана жұрт тік тұрған,  
Ірілігін уақыт өзі ұқтырған,  
Не сайкелер шығыпты ғой бізден де,  
... Бізде әлі де бар екен ғой мықты ұлдар!

#### 4. Ұлы қорған түбіндегі Бадалиңнан жапырық өркеш сары атанды көргенде

Ауырлықты көтерсе нар көтерсін,  
Нарлық міндет, тек, осылай өтелсін.  
Ал, нар емес,  
Бар болғырдың басы ауып,  
Қара көзден сора болып жасы ағып,  
Сары атандай сору қайнап, еті өлсін!

## 5. Ұлы қорған. Ойтолғақ

*Ұлы қорған етегінде кешкілік-  
Күз желімен жапырақтар ескіріп,  
Құлап түскен Ғұн жылқысы секілді  
Сұлап жатыр ескі үміт.*

Балапан Рабат

Ұлы қорған.  
Үргедек жел.  
Таң сәрі.  
Жон-жонаста қалған шұбар қар-шалы  
Етектегі елдің бәрін емінтіп,  
Жүр-жүрлейді,  
Менмұндалап тартады.

Таңғы ауада сыз бар...  
Ызғар.  
Наурыз.  
Өрлеп бердік, керлеп көрдік салып із.  
Құпиясын ішке бүгіп, бұқиып,  
Қалғиды кеп кексе қия, кәрі құз.

«Нелер ғасыр... Асып келген пайдаға әр  
Жер жүзінде мендей қорған қайда бар?!» -  
Мұнартады ағараңдап әр тұстан,  
Аңыздағы алпыс құлаш айдаһар.

... Ақын жыры емес әсте құр оспақ,  
«Құлап түскен Ғұн жылқысын» растап-  
Бұрынғыша бұлт үйелеп,  
(Бұйырса!)-  
Бұл жерде де тобылғылар гүл ашпақ.

Бұлбұл бауда сайрап ескі жыршыдай,  
Шырқау көкте бозша торғай тыншымай,  
Дүр етпей ме бетегелер көкқасқа,  
Көлге түскен көгалалы жылқыдай.

Оған дейін өлара ғой...  
Дегенмен,  
Қозы-жаңбыр жамырар да көгеннен,  
Арда ақынның азат құсы айналып-  
Үйіріліп ұшып өтер төбеңнен...

«Бұл жақтың да ұзақ екен қысы» - деп,  
Біра төмен ылди құлдап түсіп ек-



Бетімізді бұрды келген бағытқа,  
Бек Дөкейдің бесті айғыры<sup>1</sup> кісінеп.

Шыққан күнмен шағылысып, көз қарып,  
Сұр айдаһар кете барды қозғалып...

P. S.

(Аяқтаған жырды әрмен созбалық,  
Басекең де тез кел деген, тез барып.)

*Желтоқсан, 2010 ж.*

---

<sup>1</sup> Ұлттар баспасының редакторы Бек Дөкейұлының автокөлігі.

\* \* \*

Мезгілдің жеміріліп желкеніне,  
Айналып барады өмір ертегіге.  
Сені де мүжиме әр кез осы уайым,  
Неге-дүр мұңаясың, еркем Іле?!

Алтынжал арнаң лықсып тасымайды,  
Ол неге жан жарамды қасымайды?!  
Жағаңда үнсіз ғана батам мұңға,  
Маған да, білесің бе, осы — қайғы.

Айнала бұлақ құйған ару Іле,  
Дертіне бар тірліктің дәру Іле,  
Құлқыны құрдым болған қу заманның,  
Не десек рауа енді “зәруіне”?!

Таусылар тағдырдың да мың сынағы,  
Бар шығар төзімнің де бір шыдамы.  
Соны ойлап... Көкірегімде іштен тынып,  
Менің де армандарым тұншығады.



# МАХАББАТТЫҢ ҮШ КЕЗЕҢІ

## 1

Қыз — жігіттің көз саларын біледі,  
Біле тұра, байқамайды шіреніп.  
Ұнатпаудан емес бірақ онысы,  
Онан сайын күйсе дейді жүрегі.

Қыз — жігіттің сөз саларын сезеді,  
Сезе тұра, елемейді көз-екі.  
Сүймегеннен емес әсте онысы,  
Тіпті өртеніп түссін дейді өзегі.

Жігіт те оны сезбейді емес,  
Сезеді.  
Қайтеді енді?  
Төзеді ғой, төзеді.  
Жас жүректі жалынымен шарпыған,  
Махаббаттың бұл алғашқы кезеңі.

Махаббаттың бұл кезеңі  
 Күн айды-  
 Қалай сүйсе, солай сүйіп шыдайды.  
 Құлыншақ қыз наз айтады көзімен,  
 Жігіт байғұс жүрегімен жылайды.

Ал, онан соң екеуінде жоқ қайғы,  
 Дүниеңе зауықтары соқпайды.  
 Алшағырақ басталса да ойлары,  
 Аяқтарда бір түйінге тоқтайды.

Жігіт — жомарт,  
 Қыз ғой тіптен ақылды,  
 Не көрсе де бір көруге мақұл-ды...  
 Үйленіп те алды оп-оңай,  
 (тамаша!)  
 Бірте-бірте тұрмысқа да жатылды.

Бір қалыпта тұрмас өмір мәңгіге,  
 Мысалы, үй мынауымен мәнді де:  
 Бдыс-аяқ сына жаздап сынбаса,  
 Шыға жаздап шықпай қалса “әңгіме”.

Жұмсартқанмен неше түрлі өң беріп,  
 Әр адамнан табылады пенделік.  
 Жұбайлардың оттан ыстық құшағын,  
 Суытпасын сол пәлекет жел болып.

Қу сайтанның құты қашып, дос қарар,  
 Махаббаттың бұл кезеңі — тас қамал.  
 ... Тұрмыс қой деп, тұқырытпаңыз оны сіз,  
 Бәлкім, бақыт осы арадан басталар!

*30 шілде 2011 ж. Үрімжі*

\* \* \*

Қалқам, несін айтайын.  
Біліп-білмей,  
Өтіп жатыр есіл күн тымық түндей.  
Дәтке қуат етерім — бір сен едің,  
Сен де, міне, біржола ұмыттың ғой.

Несін айта берейін,  
Көңіл — сынық.  
Ертеңіме қоямын тек ұмсынып.  
Жүргендердің көпіріп  
Қатарында  
Жатқандаймын өтірік өмір сүріп.

Несін тізе берейін.  
Қайғым — ауыр.  
Күнді көке деуші едім, айды бауыр.  
Ай да, күн де алыстап...  
Мыстан-заман  
Жүрегіме ащы уын жайды ма кіл?!

Жанарымнан мұң табын сүртіп еппен,  
Қашан келер дүркіреп жылқы-көктем?!  
Шолпан жұлдыз секілді шоқтай жайнап,  
Қандай құдірет серпілтер бұл түнектен?!

*9 қыркүйек 2011 ж.*



# КІШКЕНТАЙ МАХАМБЕТКЕ

(Махамбет Әбдібақытұлының  
сүндет тойында)

Шайқалған қазағына бола бағы,  
Махамбет — қыран еді томағалы.  
Бүгінде сол ақынның өр рухы-  
Халқының көзін сүртер орамалы!

Қуат боп Махаң жыры, Махаң әні,  
Әншінің көзі қанша боталады?!  
Сондықтан, Әбдібақыт-  
Тұңғышының  
Есімін «Махамбет!» деп атаған-ды.

«Махамбет» — азан айтқан есімі еді,  
Ақын Ораз «Ринат» деп қосып еді.  
Осылай, дәл бүгінгі тойға дейін,  
Махамбет «Ринат» болып өсіп еді...

Алмайтын, Бікеңше<sup>1</sup> айтсам, зәуде тыным,  
Қарашы, қарт Құлжаның әндетуін!  
Өйткені, бұл балақан тұяғы ғой,  
Сұңғыла Сұлтанбек шал әулетінің!

Әбеке, бұлбұл ағам, дәру — әні,  
Құрмангүл, жеңгелердің сәруәрі,  
Сүндеті қабыл болсын Ринатжанның,  
Қолдасын ер Махамбет әруағы!!!

*26 қараша 2011 ж.*

---

<sup>1</sup> Ақын Білісбек Әбдіразақ

# ЖАҢА ҮЙЛЕНГЕН АҚЫННЫҢ АШЫҚ ХАТЫ

... Кем дүниеде кейіме, келіншегім!  
О бастан-ақ осал жан ерің сенің.

Тұрмысқа бос, қырсыздау, ақ алақан,  
Кездері көп “кеселді” балаға тән.

Шырай таңым, мен саған сыр айтамын,  
Шын айтамын, мүмкін, сәл мұңайтармын-

Байлық, мансап...  
Жоқ оған ықыласым,  
Бәлкім, бұған сен аздап шытынасың.

Темір тұлпар жігітке мұрат.  
Бірақ,  
Ден сау болса, екі аяқ тұрақтырақ.

Зәулім сарай әдемі-ақ!  
Бірақ...

Бірақ,  
Одан гөрі ойлы жыр шуақтырақ.

Таңдағаны қасқаңның сол жол еді,  
Әлі шыға қойған жоқ жөнді өлеңі.

Демек, шай құй суыған кесесіне,  
Жаңа туған жыр жылыр есесіне.

Ақын үшін ақылды жар күйе ме,  
Ашуланса алдай сал, тәрбиеле!

Көңіл шегін көркейтер өмір — сенім,  
... Бақытты боп кетерміз, келіншегім!

*24 желтоқсан 2011 ж.*

\* \* \*

Қапшағайда қаймақ қап, кілегей қап,  
Бала-толқын ойнайды Іле бойлап.  
Жарқабакқа жетуге асығады,  
Сары жағал тымағын жүре байлап.

Қарамайды артына — арнасына,  
Томпаң-томпаң қағады алға асыға.  
... Айхай, жалған!  
Кемдікүн бала шақтан-  
Қиған бөтен қызығың бар ма, сірә?!

Сылқ-сылқ күледі бала-батыр,  
Ақ төсінде айдынның салады асыр.  
Елемейтін сияқты ештеңені,  
Осы қазір болса да заманақыр.

Бала-батыр!  
Ісі жоқ қайғы, мұңда,  
Керек пе оған қисапсыз байлығың да.  
Мың бояулы күзгі бау күрсінеді,  
Дарияның бір мүйіс айдынында...

Құшып-сүйіп пәруана арна-анасы,  
Сылқ-сылқ күледі жар жағасы.  
... Садақасына тұрған ба балалықтың,  
Мынау бес күн тірліктің қарбаласы!

*17 қаңтар 2012 ж.*

## КЕРТОЛҒАУ

Бір өлеңді болғаныңша ұлтарып,  
Құрып қалғыр қу телефон тіл тауып-  
Безектейді.  
Ескі досың іздеп тұр,  
Енді бұдан қаша алмайсың бұлтарып.

Бір ойыңды алғаныңша пісіріп,  
Ас үй жақта жарың қазан түсіріп,  
Жүр-жүрлейді тамақ суып қалар деп,  
Суып қалған жырыңды әрмен ысырып.

Жұрт қатарлы жаның жалдап нан тауып-  
Қаламыңды қойсаң біраз қаңтарып,  
Жел ызғыған қара қостай боздайды,  
Ар жағыңда бір бәлекет... аңсауық.

Біреу асқа, біреу тойға шақырып,  
Қызыл сөзге құлағың да жатылып,  
Ортасында өмір, өлең — екі оттың,  
Жүргенің сол ұшып-қонып қапылып.

Ішпей-жемей құр мақтауға масығып,  
Былай шыға бұла көңілің басылып,  
Топыр-топыр қалың тобыр ішінде,  
Баратқаның жұмысыңа асығып...

Есіл ғұмыр өтер өстіп күйбеңдеп,  
«Сен тимесең, мен де саған тимен!»-деп  
Алдарқатар, аяр, көлгір, монтаны,  
Қоғам тілі өрттен бетер сүйреңдеп.

Бірақ, тағы еркіңнен тыс...  
Түн іші,  
Отырғаның үстеліңе құнысып.  
... Тауықсыз да таң атады.  
Тегінде  
Жазбай кету керек шығар дұрысы.

*20 қараша 2012*



# НАУРЫЗКӨК

«Ежелден ықтап қонған бауымыз»- деп,  
Әдеі қыран-қазақ тауын іздеп-  
Қондырып жас көктемді қанатыңа,  
Хош келдің, айналайын наурызкөк!

... Қыс тоқсан бу боп ұшып белден белге,  
Қыбырлап жан кіретін ел мен жерге.  
Нар адым күн де ұзарып қалатұғын,  
Құйттай құс, құлдыраңдап сен келгенде.

Сенімен бірге қағып жыл қанатын,  
Серпіліп сеңдей ауыр мұннан ақын,  
Жүз үміт мың кеудеге ұя салып,  
Дүркіреп дүн-дүние нұрланатын.

Жанында жас келіннің келі тулап,  
Шопанның күйек түспей төлі шулап,  
Үйіккен өлекшіндей ұлитын кеп,  
Боз таңнан бүлкілдеген бөрі сырғақ.

Үрпек ай ұясынан тыста қапы-  
Үрпиіп үркер ауған тұсқа батып...  
Аспаннан түскен мың сан періштедей,  
Жауатын жапалақтап Құсқанаты!

... Сен келдің сеніміме сеп болғандай,  
Деміңнен табиғатқа леп қонғандай.  
Менің де кеуде тұсым бір солқ етті-ау,  
Оралмас балалығым кеп қалғандай!..

Тірліктің несібелі дәмін іздеп,  
Хош келдің, айналайын наурызкөк!  
Сенем мен:  
Қаратас та балқиды енді,  
Шалқиды ел ырысы ақ уыз боп!

*5 наурыз 2013 ж.*

# ДЕГДАР

(Жаудат Назарбекұлына)

Әрі көшкен, сағымдай бері көшкен,  
Баба арманын шығармай берік естен-  
Қаршадайдан Қаныштың жолын қуып,  
Текті атаның тәлімін көріп өскен.

Ақ сүтінен ананың дарығандай-  
Кір шалмаған адамдық ары қандай!  
Туған тілдің тұнығын қанып ішіп,  
Ұлағатқа уызында жарығандай.

Он сегізде  
От-жалын бұла күші  
Шарықтатқан «шахтердің вальсін».  
Қадірлейді бүгінде қалың елі,  
Жәуке-ағамдай жан-жақты зиялысын.

Қара ормандай халқыңа мол сыбаға-  
Берген сізді көрдік біз қоңсы қона.  
Лайым, дегдар мінезің,  
Кісілігің,  
Жас өскінге жұғысты болсын, аға!

*11 сәуір 2013 ж.*

# ҰСТАРА

Балалықтың ауылында көп тұрдық,  
Бұзау бақтық.  
Асық ойнап, доп қудық.  
Бас білгізді,  
«Басың екеу емес!» - деп,  
Ұстараның жүзіндегі өткірлік.

Нелер момын, нелер тентек қағынды-  
Бәріміз де бұл “қаруға” бағындық!  
«Ұстара ақы» қымбат та емес ол кезде,  
Және біздің “алым-берім” әділ-ді.

Бейресми құрылған бір ұйымдай,  
Шетімізден тақырбас ек бірыңғай.  
Атамыздың тізесіне  
Ай санап,  
“Байланушы ек” қолға үйірсек құлындай!

Жаз келгендей жадыратып құйқаңды,  
Жазушы еді бойдағы ұйпа-тұйпаңды.  
... Басым “азат” болғанымен бүгінде,  
Ұстарасыз рухымды ұйқы алды.

О, балалық!..  
О, лайсаң күн, жайсаң күн,  
Маған нені өнеге еттің, ой салдың?!  
Ұлтымның рухындай өткірлік,  
Уысында кетті екенсің қай шалдың...

*20 қараша 2013 ж.*

# АРТЫҒАЛИ ЫБЫРАЕВҚА ЕСКЕРТКІШ

## 1

Арнаған арда өлеңге алғы мұратын,  
Бозбала біткеннің бозымы ең, бал ғұмыр ақын!  
Алқызыл жібек жейдеңдей алаулап жанып,  
Манаурап маңып... сенен де қалды мына күн.

Кеудеңдегі ащы арманмен шыңға да түнеп,  
Жүрегің соқтың жұлдызға жыр-дауа тілеп.  
Қаламың солай... қапыда сусып та кетті,  
Қаршыға-жырың үлгірмей бір ғана түлеп.

Атымтай да едің көрсеткен досыңа нарлық,  
Ақкөз ер едің қаймықпас қасынан барлық...  
Доспамбет кеткен жүрі жол.  
жүре де бердің-  
Жиырма бір жаста жалғанның басынан қарғып!

Ажалдың қолы жетпеді анталап ұшып...  
Көкжиек тұрды көздері қанталап ісіп.

Саудакент пен Сарысу теңселіп кетті,  
Мәңгірген жандай тағдыры малтаға түсіп.

Көрмеске салып көктегі тәңірі ұққанды,  
Уақыт-сайқал атырды “жаңылып” таңды.  
Тараздың тосын қазадан құлағы бітіп,  
Алматы ауызы аңқайып аңырып қалды...

Бозбала біткеннің бозымы ең, бал ғұмыр ақын,  
Боз ала таңға байлаған мәңгі мұратын.  
... Ата-қазақтың мүйізгек алақанында,  
Насыбай-өлең сенен де қалды бір атым.



## 2

Адамдар сыяр табытқа,  
Ақындар бірақ сыймайды...

*Артығали*

Ақын ғана емес-ау, бөрі едің сен,  
Бір буынның бірегей өрі едің сен.  
... Мынау жалған бес күннің-  
Итшілемей,  
Кешіп кеттің бөріге керегін сен.

Ақын ғана емес-ау, ер болдың сен,  
Сермелмейтін жерлерде сермелдің сен.  
... Тас-тағдыр тайқығанда-  
Табытқа емес,  
Жауқазын-жырларыңа жерлендің сен.

3

Өмірі зая мың гүлден-  
Жүрекке мейірім, мұң кірген.  
... Жауқазын көрсең иіскей жүр,  
Ол да ақын шығар, кім білген?!.

*19 тамыз 2013 ж.*

\* \* \*

Мен бүгін сонау көгілдір көлге  
сағынып ұшып барамын.

*Т. Айбергенов*

... Көгілдір көлді сағынып, міне, мен де ұштым,  
Желіге беріп,  
Жер сипап қалды жел-міскін.  
«Құстарсыз қалай ғұмыр кешесің?» - дейсің сен,  
Мен өзім құспын!  
Солардай және сенгішпін.

Сағынып сені сапарға шығу — ғанибет,  
Мен келеді деп мезгілге салып сан ирек-  
Қазбауыр бұлтқа қарай да қарай...  
Ақыры  
Ән болып кеткен, алма да мойын ақ үйрек!

«Ақ үйрек» - деуім әншейін ғана аңыз-ды,  
Әйтпесе сендей ару болған ба жаны ізгі!  
Жер менен көкті махаббат жалғап тұрарын,  
Қанатсыз жандар ұмыттырған да тәрізді...

Жер менен көктің арасын жалғап тұратын,  
Мәңгілік маздақ махаббат еді мұратым.  
Тәңірім солай...  
Аңызға орап ән берді,  
Жан бергенменен бірдей деп білді мұны ақын!

Айта да беріп енді оны, қалқам, не етерміз,  
Ақиқатқа емес,  
Аңызға сеніп өтерміз.  
Ақыры бір күн...  
Алма да мойын ақ үйрек,  
Аңызға қарай қайта ұшып бәлкім кетерміз...

\* \* \*

Кездесерміз біз әлі.  
Бірақ, қашан?  
Жорғалайды жолбике бұлақ — масаң.  
Сорымызға-  
Сұрқылтай-заман ғой бұл:  
Көңіл — надан,  
Көз — ноған,  
Құлақ — тосаң.

Кездесерміз біз әлі.  
Бірақ, қалай?  
Алдымызда күтіп тұр сынақ талай...  
Оған дейін жүрекпен ұғысармыз,  
жақындамай,  
Және де жырақтамай.

Кездесерміз біз әлі.  
Бірақ, қайда?  
Берілеміз белгісіз шуақты ойға.  
... Өмір өзі көрсетер соның бәрін,  
Әйтеуір, сен «неге?» - деп сұрақ қойма.

# ҚЫЗЫЛ ЖЫҢҒЫЛ

(Элегия)

ҚЫЗЫЛ ЖЫҢҒЫЛ!..

Дариға-ай, қызыл жыңғыл,

Нарттай болып жайнайды жүзің гүл-гүл.

... Бір әуенді ойда жоқ бастап алып,

Әрі қарай айта алмай... үзілдім құр.

Ұлы дала керуені кенерелеп-

Келген бойда тастапты-ау сені өрелеп.

Қосыларсың қай күні-

Запы болған

Онсыздағы боздауық келеңе кеп?!.

Өркен жайдың қасқайып құба құмға,

Құба құмда құмығып жыладың ба?!.

Сені көріп

Жаңғырып тұрып алды-ау,

Бір мұңды зар сыңсып кеп құлағымда.

Сол адасқақ зарлы әуен,  
(Неге керек)-  
Жүрегімді жатқандай селебелеп...  
Бейпіл кеткен бедеу құм безереді,  
«Тағдырыңа ендігі мен еге!»- деп.

Көрмегендей ал, сенің көзің бұлау,  
Қырмызыдай құлпырған кезің мынау.  
Осыныңа аң-таң қап әлі тұрмын,  
Үндемейсің, оу неге, төзімдім-ау!..

*27 қараша 2013 ж.*

## ҚҰЛЖА

Азамат боп қосылам деп қатарға,  
Қаражоннан шыққам жалғыз сапарға.  
Менің балаң армандарым бұр жарды,  
Құлжа дейтін шайыр өсер шаһарда.

Он алтыдан асқан онда өндір ем,  
Шатағы жоқ шекпендімен, шендімен.  
Ойда-жоқта өзегіме от түсті,  
Жанары нұр, жамалы гүл меңліден.

Мақтымқұлы мақамындай көк тілген,  
Меңліге арнап жырлар жазып от тілмен,  
Жүректі алғаш дір еткізген сол қызбен-  
Құлжаны да құлай сүйіп кеттім мен!

Осы қала болған солай жыр-таған,  
Кездерімде бұрқаған да, шырқаған-  
Достар ара ішкен аздап шараппен,  
Шындыққа да жақын тұрдық бір табан.



Құлжа дейтін шайыр өсер шаһарда,  
Ақын болып қосылғасын қатарға-  
Анда-саңда Қаражонды бетке алып,  
Шығам жалғыз сағынышты сапарға.

*13 қаңтар 2014 ж.*

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ. «ҚҰДАША»

Күз күні қырдан асып нартқа оранды,  
Жапанда мүлгиді кеп қарт тораңғы.  
Бапастың домбырасы бауырын жазды,  
«Құдаша-ау, жастық дәурен артта қалды!..

Алатын әзілден әр, көрік дудан,  
Апырмай, қайда сол кез желік қуған?!  
Асығып арман-атпен алға озғанда,  
Жеріміз осы ма еді келіп тынған?!

Күйімді тартқызбай-ақ білер, телім,  
Сырымды айтқызбай-ақ жүрер, теңім.  
Кешегі жалт ойнаған жанарыңды,  
Қалайша жаба қалған кіреуке-мүң?!

Жан едім жалғаныңа мұңаймаған,  
Мол берді қалауымды құдай маған.  
Жалғыз-ақ, жас дәуреннің жәрмеңкесі-  
Мұндай тез тарқайды деп кім ойлаған?!

Өткіздік алуа таң мен кешті керім,  
Бір арман көкейімді тесті менің.  
Шығармай күйден шашау жүрген шақта,  
Білсемші сұлулықтың ескілерін...

Міне, енді өзектегі бұлқынысты-  
Өрттей боп өкініштің бұлты қысты.  
Кеудеме кетпестей боп ұя салған,  
Жастықтың жасыл құсы үркіп ұшты!

О, жастық!  
Қайран жастық!..  
Мәңгі жаса,  
... Мен бүгін айта алмаспын әңгіме аса.  
Сондықтан, бұлғақтаған бұла күннен,  
Арнаған күйім осы, жан құдаша!..»

*30 қаңтар 2014 ж.*

## «КӨЗҚАРАСУ» - ОЙЫН АТЫ

Білмейміз кім жағынан мойындалды,  
Сол жылдар сондай да бір ойын бар-ды...  
Құрбы қыз ойда-жоқта бастап беріп,  
Жап-жақсы «Ханталапай» жайын қалды!

Отырмыз шарт жүгініп қызға қарап,  
Әркім-ақ өзін қайсар құзға балап.  
Әуелі шартын айтқан  
Сық-сық күліп,  
Сылқым қыз сыр бермейді сыздана қап.

Боранбай дөң-қабағын салқын түйсе,  
Бақтияр сергіп салған аңшы итінше.  
Онсыз да жұмылуға шақ қап отыр,  
Кеңестің “кәріс көзі” сәл кілтисе.

Мен де бір дүрмекке ұшқан “соқыр қарға”,  
Күдігім жанарымнан от ұрлауда...  
Ойынды ұрыншақ қыз кетті бастап,  
Осылай әрі-сәрі отырғанда:

- Мың қойым бар, бағасың ба?
- Иә, бағам!
- Қасқыр келсе, қорқасың ба?
- Жоқ...
- Кәні, пу у-уу!
- !..

О баста-ақ жеңілмеуді мақсат біліп,  
 Намысын бөріктінің жатсақ та ұғып-  
 Бір-бірлеп біздер шетке шыққан сайын,  
 Сайтан қыз мәз болады сақ-сақ күліп.

Біз солай бұзып жаттық “сертімізді”,  
 Ойынның онан сайын көркі қызды.  
 Әйтеуір, қысылғанда-  
 Құдай оңдап,  
 Боранбай қорғап қалды бөркімізді!..

Бауырында жарқ-жүрқ етіп өмір аунап,  
 Алға озды уақыт-тұлпар омыраулап.  
 Міне, енді сол күндер де алыстаған,  
 Қу қыздың күлкісіндей қоңыраулап.

*1 ақпан 2014 ж.*

# ЖАРАТУШЫ ЖАЛҒЫЗ ХАҚ

Аманатқа өзің берген жан мызғап,  
Қойны суық қара жерде тән мұздап,  
Тегімізге қайтуымыз — ақиқат,  
Жаратушы жалғыз хақ!

Қуы қайтып,  
Құлазыса құсақ көл,  
Махаббаттың кәусарына сусапты ел...  
Сенің ұлы нығметіңді жырлауға,  
Маған титтей мұрсат бер!

Жүрегіме имани нұр сыйғанда,  
Оны шертпес менде, сірә, күй бар ма.  
Жыр-сәждеге басым қойдым мақамдап:  
«Лә-Иллаһи-Иллалла»!!!

*2 ақпан 2014 ж.*

## ЖАПЫРАҚ-ҚҰС

Әуезіне мұңға үйірсек жан құштар,  
Күздің желі дейтін бейбақ дәруіш шал-  
Шерте-шерте үзген шерлі шектердей,  
Ағаштардан үркіп ұшты сары құстар.

Үркіп ұшты ұясынан ең алғаш,  
Сірә, мұнда енді қайтып оралмас...  
Арық суы сап тиылған.  
Әріде  
Томсырайып жататұғын тоған мас.

Жапырақ-құс өкпек желдің өтінде  
Шулайды кеп...  
Қандай үнмен?  
Не тілде?  
... Батпырауық ұшырып жүр топ бала,  
Шаңы шыққан ескі аңыздың шетінде...

*2 ақпан 2014 ж*

# ЖАЛҒЫЗ ҚАРАҒАЙ. МҰҢ

«Жалғыз ағаш көрсең, тиіспе, әй, қарақ!» -

Көрдім.

Сездім.

Тағдыры шын тайғанақ...

Қойны-қоншын жел тімісіп кезеді,

Тек күн мен ай толғанады аймалап.

Жалғыз қарағай — жалғыз баладай,

Жалғыз баладай — жалғыз қарағай!..

Қатып қалған шемен-жүрек бетондай,

Әрі суық, әрі ыстық мекенді-ай!..

Қайысады, майысады беймезгіл,

Қарсыдағы қара орманға жете алмай.

Жалғыз баладай — жалғыз қарағай,

Жалғыз қарағай — жалғыз баладай.





# ДОМБЫРА

Сен туралы әлі айтылар аңыз көп...  
Көкірегіңе кімдер қандай тамызды от?!-  
Мен білмеймін.  
Бірақ, мына жалғаннан  
Таба алмас ем сенсіз мағына, мән іздеп.

Екі шегің — екі дүние мысалы,  
Бірінен нұр, бірінен мұң ұшады...  
Сенсіз мүлде бос қалатын еді ғой,  
Қазекеңнің күйге толы құшағы!

Керексе етіп бар байлықты, бар бақты,  
Ата-қазақ сені мықтап қармапты...  
Ел басына екіталай күн туса,  
Ермен бірге сен көтердің салмақты!

Сондықтан да өнерге етіп иелік,  
Күмбір қағып өскен халық күй еміп-  
Армай жетті алмағайып заманнан,  
Сенің нәзік тиегіңе сүйеніп...

Күй ақтарып, зияттанып сөйлесең,  
Сенде нағыз арман — азат , ой — көсем.

Кешір мені!..  
Сондай сәтте қызынып-  
«Айда!»- десем,  
Есерленіп «сой!»- десем.

Қүдіреті-ай сенің қоңыр үніңнің,  
Қоңырайсам, соны тыңдап жылындым.  
Құдайдан соң,  
Құдая-шын,  
Домбыра,  
Сенің ғана құлақкесті құлыңмын!

Бір қазақтай мен де сені сүйемін,  
Бір басымды саған ғана иемін!  
Қос ішекпен қоңыр елді тербеген,  
Сен аман бол, бейіс лептім, киелім!!!

*23 мамыр 2014 ж.*

# АҚТАБАНЫҢ ҮЙІРІ

(баллада)

Үйірі Ақтабанның кіл қарагер,  
Қостанып Тегерекке бір барады ел.  
... Ала жаз шайлап жатқан көп жылқыға,  
Тұтқиыл қасқыр тиді.  
Түн.  
Қаракөл.

Өлкені тұмсығымен сан ақтарған-  
Әккі арлан жата-жата барақ-таңнан  
Кеш бата  
«Жылқылы ауыл қайдасың!» - деп,  
Сынаптай сырғып ағып бері аттанған.

Бүлкілдеп түн қойнында желе жортып,  
Есіктей омырауы ерек елтіп,  
Нән көкжал  
Күдірейіп желке тұсы,  
Кәнігі бөрі үйірін келеді ертіп.

Жаз бойы осы өңірге қарап талған-  
Көк қаншық көзі жайнап қанаттанған!  
Күшіктер  
Тоқты-торым місе болмай,  
Бұл күнде тай-тайыншаға жарап қалған...

Ұйыған тыныштықты жыртып түнгі,  
Саққұлақ меңзеп үрді бір түкпірді.  
Жаппадан ұйқылы-ояу қарғып шығып,  
Қақалып қарашолақ мылтық тұрды!

Тұтасып қара бұлттай көшкен кері,  
Шұрқырап қалың жылқы төске өрледі.  
Ауылдан шыққан тақау айқай-ұйқай,  
Әйткенмен, бөрілерге дес бермеді.

Делдиіп пысқырынған танаулары,  
Көп жылқы қырдан асып, әрі аунады.  
Қасқырлар андыздай кеп  
Шеттеу жатқан  
Үйірін Ақтабанның қамаулады.

Шоқ шашып қызыл-жасыл...  
Бұлт үйіріп,  
Анталап арлан тобы тұр түйіліп.  
Ақтабан арлы-берлі ойқастап жүр,  
Үйірін тар қолатта шырқ иіріп.

Мұндайдан мама бие запы барлық-  
Құлынын қорғап әлек оқыранып.  
Баспалап бөрі үйірі жатып алды,  
Айғырдың ауашалау сәгін аңдып...

Сесінен зытып берген ай да батып,  
Абадан жатыр анда айбар атып!  
Ақтабан жалғыз түнде жарап алды,  
Шоқпардай кекілінен жай боратып!

Түстіктен талып жеткен тау самалы,  
Тірлікті қоздатқандай аңсамалы..  
Ширығып алған айғыр бастырмады,  
Көк қаншық көп бұлтаққа салсадағы.

Айдау қып көк қауланды қолаттағы,  
Ақтабан арлан тобын жолатпады.  
Ақыры арпалысты шорт тәмамдап,  
Ағарып атты жаздың шолақ таңы!

Мал бермес барымтаға жырынды ердей,  
Түн бойы ақкөз айғыр тыным көрмей-  
Үйірін аман-есен алып қалды,  
Азулы бөріге бір құлын бермей!..

Тегерек.  
Қымыз ішіп қырланады ел,

Шайқалып шарайнадай түр Қаракөл.  
Айдында жүзіп ішіп,  
Жалт-жұлт етіп  
Құндыздай құбылады кіл қарагер.

*3 ақпан 2014 ж.*

# М А Э М Ұ Н Ы

## 1-БӨЛІМ

### ДҮЛДҮЛ-ДӘУРЕН

Жапырақ-өмір .....	5
Сен — алтын тұғыр .....	8
Сені іздеймін .....	10
Менікі, сірә, басқа мұң .....	12
Т. Айбергеновті еске алу .....	14
«Ару-қырлардан ағып бір өтсе ақ сағым» .....	16
«Қызғышы болып қыз-дүниенің қылықты мынау көркіне» .....	17
Қарагөзге .....	18



Ақ бұлақ - аңсар махаббат .....	20
Достық шыңы .....	23
Алтай дәптерінен .....	24
1. Арма, алтай даласы .....	24
2. Алтай қызына .....	26
3. Ертіс элегиясы .....	28
Махаббат .....	30
Хат .....	32
Романс .....	34
Әріпжанға .....	36
Қараша. Құстар... ..	37
Күзгі түн элегиясы .....	38
Т. Айбергеновтің монологы .....	39
«Бақытымды ұрлап ап біреу тегін» .....	41
Сақынама .....	42
Махаббат мұнарасы .....	43
«Сен тербет мені...» .....	45

Сезіну серенадасы .....	47
Экспромт .....	49
«Сұлу ай бүгін кербез қызға айналып» .....	50
Мен сені сүйдім... ..	51
«Кәрі жартастар есітпей бүгінгі үнімді» .....	53
Дүлдүл-дәурен .....	55
«Сен, сен көңіл, сен көңіл» .....	59
Сен мені сағын, аяулым .....	61
Сағындым, жаным, мен сені .....	63
Қойшы балаға .....	65
«Сен менің сезбей-ақ қой қадірімды» .....	67
«Кейде өзімнен өзім қолдау таппаймын» .....	69
Он жеті .....	70
Қабылбек ағатайыма .....	72
Тұрсынбекке .....	74
«Санамды сезім тұмшалап қалды» .....	76
Таңжарық рухымен сырласу .....	77

1. Тағзым .....	77
2. Таңжарық .....	79

## 2-БӨЛІМ

### САМ ЖАМЫРАП КЕЛЕДІ...

«Сам жамырап келеді...» .....	82
Түннің иісі .....	84
Оралхан .....	87
Мен күлікпін .....	89
Тағдыр .....	91
Жирен атты Жұматай .....	93
Қаражон бәйіттері .....	95
Атамның өлеңі .....	95
«Қазанғаптың күйлерін еске салып» .....	97

«Қараның ауыл жонында» .....	99
«Қаражон. Құралай шақ. Іңір. Ауыл» .....	101
Кіндікжұрт .....	103
Қаражон. Наурыз айы... ..	105
Оңалбек ағам. Қашаған жирен.	
Жастық шақ .....	107
Амантай. Асаулар... ..	110
Қарагөз түн — ғашығым.....	113
«Ойлы көз, ойнақы сөз, өңді, әдемі» .....	115
Сен шынында бақыттысың... ..	117
Экспромт .....	118
Елтұтқасы ертеңнің... ..	119
Балаларға байғазы .....	121
«О, жүрек, неге-дүр...» .....	123
Қадыр-хикмет .....	125
Ханбалық қасидалары .....	128
1. Ханбалық. “қазақ ауылы” .....	128

2.	Бейжіңдегі наурыз мерекесі-2010 .....	130
3.	Жұңго жазушылар одағы. Әкбәр ағаның кеңсесінде .....	132
4.	Ұлы қорған түбіндегі бадалиңнан жапырық өркеш сары атанды көргенде .....	133
5.	Ұлы қорған. Ойтолғақ .....	134
	«Мезгілдің жеміріліп желкеніне» .....	137
	Махаббаттың үш кезеңі .....	139
	«Қалқам, несін айтайын...» .....	142
	Кішкентай Махамбетке .....	144
	Жаңа үйленген ақынның ашық хаты .....	146
	«Қапшағайда қаймақ қап, кілегей қап...» .....	148
	Кертолғау .....	150
	Наурызкөк .....	152
	Дегдар .....	154
	Ұстара .....	156
	Артығали Ыбыраевқа ескерткіш .....	158

«Көгілдір көлді сағынып, міне, мен де ұштым» .....	162
«Кездесеміз біз әлі...» .....	164
Қызыл жыңғыл .....	165
Құлжа .....	167
Дәулеткерей. «Құдаша» .....	169
«Көзқарасу» — ойын аты .....	171
Жаратушы жалғыз хақ .....	173
Жапырақ-құс .....	174
Жалғыз қарағай. Мұң .....	175
Домбыра .....	177
Ақтабанның үйірі (баллада) .....	179

Жаңатай ҚАБДЫКЕРІМҰЛЫ

---

# СЕМСЕР СЕНІМ

Редакторы **Марал ЖЕЛДІБАЙҚЫЗЫ**  
Қате түзеуші **Іңкәр ТОҚТАРХАНОВА**  
Беттеуші дизайнер **Ерлан БЕРДІБАЕВ**  
Тех. редактор **Мереке ЕСЕНҒҰЛОВА**

ISBN 978-601-03-0337-1



ИБ №196

Басуға 04.04.2016 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «DS Academy».  
Көлемі 10,0 шартты баспа табақ.  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс №196

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

Жаңатай Қабдыкерімұлы 1979 жылы 12 қазанда ҚХР Іле Қазақ автономиялы облысының Текес ауданы Қаражон деген жерінде дүниеге келген. 2003 жылы Іле педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдаған. ҚХР аз ұлт жазушылар қоғамының, ШҰАР жазушылар қоғамының, Іле Қазақ автономиялы облыстық жазушылар қоғамының мүшесі.

Қазір Іле телеарнасында "Ой түбінде жатқан сөз", "Сыр мен сымбат" бағдарламаларының продюсері және жүргізушісі.